

AQTÓĠAI AJARY

Ақтоғай айдандық қоғамдық-саяси басылым

№41 (7930)

Жұма

6 қазан

2023 ЖЫЛ

Gazet 1938 жылғы 15 тамыздан шығady

@ aktogai_red@mail.ru

f www.facebook.com/a.ajary.kz



Мемлекет басшысы Қасым-Жомарт Кемелұлы Тоқаевтың Қазақстан халқына арнаған Жолдауы ел дамуының алдағы кезеңнің басым бағыттарын белгілеп, экономикалық саясаттың

Еліміздің дамуына тың серпін

жаңа моделіне көшудің нақты және тиімді тетіктерін айқындады. Ұсынылған шаралар экономикадағы құрылымдық өзгерістерге және азаматтардың өмір сүру сапасын жақсартуға арналған. Ұлттық бизнестің мүддесін қорғау, шағын және орта кәсіпкерлікті қолдау да Президентіміздің ерекше назарында. Сондай-ақ, Жолдауда инвестиция тарту бойынша нақты шаралар көрсетілді. Осы ретте өңдеу өнеркәсібіне серпін беру үшін шетелдік және отандық инвесторлар алғашқы үш жылда салықтан босатылатынын баса айту керек.

Реформалардың маңызды бағыттарының бірі – салық және бюджет заңнамасын одан әрі жетілдіру. Бұл ретте Парламент Үкіметпен бірлесіп, елдегі кәсіпкерлік және инвестициялық ахуалды жақсарту жөніндегі тетіктерді пысықтайды.

Президентіміз көлік-логистика саласын да одан әрі дамыту жөнінде нақты тапсырмалар берді. Жаңа бастамалар еліміздің қуатты логистикалық өлеуетін тиімді іске асыруға жол ашатыны анық. Жаңадан құрылған Көлік министрлігі осы бағыт бойынша кешенді жұмыстар жүргізеді. Жолдауда негізгі нарықтарды демонополизациялау, мемлекеттің экономикаға ықпалын азайту бойынша қажетті шаралар қабылдау керектігі де айтылды. Бұл бастамалар еліміздегі кәсіпкерліктің жандануына оң әсерін тигізеді.

Одан бөлек, Үкімет пен Парламент банк жүйесінің тиімділігін және оның ел экономикасына қосатын үлесін арттыруға көмектесетін

заңнамалық түзетулерді қарауы қажет. Осы бағыттағы нормалар ұлттық табысты барынша әділ бөлуге ықпал етеді.

Демографиялық үдерістерді ескере отырып, бүгін Мемлекет басшысы «Келешек» атты жаңа бағдарлама әзірлеу туралы бастама көтерді. Бұл – балалардың білім алуы үшін бастапқы капиталды жинақтауға көмегін тигізетін маңызды қадам.

Сондай-ақ, Президентіміз

Жолдауда өңірлердің бюджет саласындағы дербестігін арттыруға арналған нақты тапсырмалар берді. Соған сәйкес салық төлемдерінің бір бөлігін аймақтарға беру көзделіп отыр. Бұдан былай аудандық әкімдіктер бюджетті өздері жасақтай алады. Бұл, өз кезегінде, жергілікті жердегі мемлекеттік басқарудың тиімділігін арттырады.

Мемлекет басшысының осы және өзге де бастамалары, ең бірінші кезекте, азаматтарымыздың өл-ауқатын арттыруға және экономикамызды өртартапандыруға бағытталған. Қазіргі таңда әлемдегі ахуал өте күрделі. Аталған бастамаларды іске асыру осы шешуші кезеңде еліміздің теңгерімді және сапалы дамуына тың серпін береді.

Осы орайда ерекше назар аударатын жайт, айтылған тапсырмалардың басым бөлігі үш жылдың ішінде жүзеге асуға тиіс. Экономикалық дамудың жаңа төселдерін іске асыру үшін берік құқықтық база қажет. Сондықтан Президентіміздің барлық реформасын заңнамалық тұрғыдан қамтамасыз ету аса маңызды. Бұл ретте Парламент Сенаты Мәжілістегі, Үкіметтегі әріптестерімен, сарапшылармен және мүдделі тараптармен әрдайым белсенді жұмыс істейді.

Қорыта келгенде, экономикалық саясаттың жаңа үлгісін жүзеге асыру еліміздің тұрақты, сапалы әрі ұзақ мерзімді экономикалық дамуына негіз болады. Бұл бастамалардың барлығы Әділетті Қазақстан құру ісіне сомды үлес қосатыны сөзсіз.

Н.Сейіханов,

Ақтоғай аудандық пошта байланыс бөлімшесінің басшысы.

*Мерекелер мерейі

Қарты бар елдің қазынасы бар

1 қазан – Халықаралық қарттар күні. Негізінен бұл күн – аға ұрпақтың қоғам өміріне қосқан үлесіне шынайы ризашылық білдіретін және қамқорлық көрсететін ерекше мейірімге толы күн. Жастар мен орта буын өкілінің қазыналы қарттардан алар тағылымы мол. Ауданда зейнеткерлерге, жалғызбасты, мүмкіндігі шектеулі жандарға қамқорлық пен күтімді қажет ететін азаматтарға жылдағы бағыт бойынша ерекше көңіл бөліп келеді. Осы ретте, үлкенге құрмет көрсетуде ақтоғайлықтар дәстүрден жаңылған емес. Бұл сөзімізді аудандық ардагерлер үйінде өткен салтанатты шара дәлелдей түсті.

Тәуелсіздік пен береке-бірліктің

тарихымыз. «Қарты бар елдің қазынасы бар», – деген аталы сөз осыдан қалса керек. Аудандағы ардагерлер ансамблі әруақыт өнерімен халық ықыласына бөленіп келеді. Сондықтан, біз қай кезде болсын ардагерлерімізді ардақ тұтамыз, оларды қамқорлыққа алуды өзіміздің перзенттік парызымыз деп білеміз, – деп аудан әкімі мерекелік басқосуда ізгі тілегін жолдады.

Ақ дастарқан басына жиналған ауылдың үлкендері өмірден түйген өңгелі әнгімелері мен жылы лебіздерін білдіріп, ұйымдастырушыларға алғыстарын айтты.

Ардагердің жүріп өткен жолы біздің қоғамымыздың сан қилы кезеңдерімен тұстас келеді. Қарттарымыз соның қай-



несібесі бұйырған, тарихы терең, тағылымы мол халықтың ұрпағымыз. Қарт кісіні құт-береке деп танысақ, ол – ұрпақтың көргендігі. Атаулы күні мағыналы ғұмырында өртүрлі салада қызмет етіп, туған жер мен ел үшін еңбек еткен зейнеткерлер мен көкірегі өсиетке толы, ақылы көмбе қариялармен аудан әкімі Руслан Кенжебеков, аудандық ардагерлер кеңесінің төрағасы Сәкітай Сыздықов кездесіп, мерекелені құттықтады.

– Баршаныңды бүгінгі Халықаралық қарттар күні мерекесімен шын жүректен құттықтаймын. Қарттарға қамқорлық – біздің халқымыздың дәстүрінде дәріптеліп, салты мен санасына берік орныққан қасиет. «Ата қайратты болса, бала ғибратты болады» деген сөз бекер айтылмаған. Елдің берекесі мен жас ұрпақтың өнегесіне әр уақыт қолдау көрсетіп, ел келешегінің жарқын жолын жарасымды жалғап келесіздер. Қарт дегеніміз – ағып жатқан дария, теңіз іспеттес. Қариялар – халқымыздың өткені мен бүгінгі жалғайтын алтын көпір, тұнып тұрған шежіре, кемел

қайсысында да алдыңғы қатарда жүріп, шама-шарқынша үлес қосып, ауданның дамып, өркендеуіне үлес қосқандар. Мерейлі күнде тағлымды тәрбие беріп, ізгі дәстүрлер сабақтастығын жалғастырып келе жатқан аға буын өкілдерін мақтан тұтып, өз еңбегі үшін лайықты марапаттап, сый-сияпат көрсетілді. Сөйтіп, жиынның келесі кезеңі салтанатты басқосудың мазмұнын өрлеген «Тоқырауын толқындары» ән-би ансамблі өнерпаздарының ән-шашуы қарт көңілдерді серпілтіп, көтеріңкі көңіл-күй сыйлады.

Сонымен қатар, өңір басшысы Р.Айтықенұлы Жидебай ауылдық округіне қарасты Үшарал ауылына барып зейнеткер, көп балалы ана Мағал Нығметжанованың шаңырағына арнайы барып, мерекесімен құттықтады.

Осылайша, бұл күнгі көрген-білгеніміз үлкендерге құрмет көрсетіліп, мадақталды. Қарттарға қызмет көрсету оларға деген ізет бір күннің ғана аясына сыймайтындығын көрсеткендей.

Думан ҚАБЫЛ.

5 ҚАРАША
НОЯБРЯ
2023

АУДАНДАР МЕН ОБЛЫСТЫҚ МАҢЫЗЫ БАР ҚАЛАЛАР
ӘКІМДЕРІНІҢ САЙЛАУЫ

САЙЛАУШЫЛАР ТІЗІМІНДЕРІНЕ ЕНГІЗУ



Сайлаушылар тізіміне тұрғылықты жері бойынша тіркелген ҚР азаматтары енгізіледі

Сайлаушы өзінің болатын жері бойынша учаске тізіміне енгізу жөнінде әкімдікке өтініш беруге құқылы



Азамат сайлаушылардың бір ғана тізіміне ене алады

Сайлаушылар тізімінде бар-жоғын тексеріп немесе тізімге енгізу үшін қайда жүгіну қажет екенін әкімдіктің сайтында немесе жергілікті атқарушы органның Call-орталығына қоңырау шалу арқылы тексеруге болады



2023 жылғы 20 қазанынан бастап азаматтарды дауыс беру орны туралы хабардар ету ұйымдастырылады



Қазақстан Республикасы Орталық сайлау комиссиясы



AMANAT

«Ауыл аманаты – ел аманаты»



Күні кеше өңір басшысы Руслан Айтықенұлының қатысуымен аудан әкімдігінде «Ауыл аманаты – ел аманаты» атты дөңгелек үстел өтті. Аталмыш жиынға қоғам қайраткері, ел анасы, «Qazaqstan dauiri» газетінің директоры Сәуле Мешітбаева, Қарағанды облысы бойынша «AMANAT» партиясы филиалының төрағасы Бекзат Алтынбеков және қоғамдық ұйым өкілдері мен мекеме, бөлім қызметкерлері, жастар қатысты. Экспедицияның негізгі мақсаты ел Президенті Қасым-Жомарт Тоқаевтың «Әділетті Қазақстанның экономикалық бағыты» атты Қазақстан халқына жолдаған Жолдауында айтылған өзекті мәселелерді жан-жақты талқылап, тұрғындар арасында насихаттау.

Жиын барысында жастардың бойында ұлттық құндылықтарды сіңіру, ауыл мектептерінің қазіргі хал-жағдайы, біртұтас тәрбие мен салт-дәстүрлеріміздің жаңғыруы сияқты мәселелер сөз болды. Одан әрі меймандар К.Байсейітова атындағы тірек мектебінде болып ұстаздар қауымымен кездесіп, аудандық археологиялық-этнографиялық музейді аралап, өңірдің тарихи құнды жәдігерлерімен танысты.

Өз тілшімізден.

5 қазан – Ұстаздар күні

«Алты Алаштың басы қосылса, төр – мұғалімдікі...»

Елдің ертегі саналатын келешек ұл-қыздарға алғаш рет әріп танытып, адам бойындағы кісілік қасиетті үйрететін ұстаздар ұлттың ұстыны болуға әбден лайық. «Ағартушының алдын көрмегеннің адамгершілігі де арзан тұрады» демекші қай кезеңнің ұлы тұлғалары болса да, олардың өзімен бірге ұлық ұстаздарының есімі қоса аталады. Тұлға да ұстазға бас иеді. парасат биігіне жол сілтеген ұлы ұстаздың есімі еш уақыт өшпек емес. 5-қазан ұстаздар мерекесі күніне орай аудан басындағы «Ақ Отау» мейрамханасының залында мерекелік іс-шара болып өтті.

Іс-шараны аудан әкімі Руслан Кенжебеков салтанатты түрде ашып, шәкірттерін білім биігіне бастаған бірқатар ұстаздарға аудан әкімінің «Құрмет грамотасы» мен «Алғыс хаттарын» табыс етті. Сонымен қатар Қазақстан Республикасы Оқу ағарту министрінің Алғыс хатымен ауданымыздың барлық білім беру ұйымдары марапатталды.

Ауданның білім беру жүйесін жетілдіруге қосқан елеулі үлесі үшін мектеп қызметкерлері мен білім беру ұйымдары қызметтерінің тиімділігін бағалау рейтингісінің нәтижесінде жоғары көрсеткішке ие болған К. Байсейітова атындағы Тірек мектебі «Орта білім берудегі үздік ұйым» номинациясымен, Ж. Кеңесбаев атындағы жалпы білім беретін мектеп» КММ «Шебер педагогтар мектебі» номинациясымен, «Абай атындағы мектеп-интернаты» КММ «Үздік шағын жинақты мектеп» номинациясымен, Шашубай кентіндегі Тірек мектебі «Үздік білім беруде даму бағытындағы мектеп» номинациясымен, Ә. Бөкейхан атындағы Тірек мектебі «Үздік тәрбие жұмысын ұйымдастырушы мектеп» номинациясымен, Нүркен Әбдіров атындағы жалпы білім беретін мектебі «Әсемдікке, эстетикаға, жоғары мәдениетке ұмтылу жолындағы орта мектеп» номинациясымен, Аққыз бөбекжайы

«Үздік мектепке дейінгі ұйым» номинациясымен марапатталады.

Жалпыбілім беретін пәндер бойынша Республикалық олимпиадада жоғары деңгейде оқушы дайындағаны үшін Қ. Нұржанов атындағы Тірек мектебінің қазақ тілі мен әдебиеті пәнінің мұғалімі Ж.Сейтжаппаров пен К.Байсейітова атындағы Тірек мектебінің



информатика пәнінің мұғалімі У.Егимбаев «Үздік жетекші» номинациясымен марапатталды.

Білім саласында болашақ ұрпаққа жасаған игі істері мен өзге де қайырымдылық істерге демеу көрсетіп, үнемі келелі істерімізге қолдау көрсеткені үшін М.Көкеев және Г.Жатымбековаға «Білім саласының меценаты» номинациясы табысталды. Жалпы мерекеге ауданның бөлім, мекеме басшылары, ардагер ұстаздар, жас мамандар қатысты.

Г.Әлімжанова, аудандық білім бөлімінің әдіскері.

5 ҚАРАША
НОЯБРЯ
2023

САЙЛАУ НАУҚАНЫНЫҢ КЕЗЕҢДЕРІ

ҚАЗАҚСТАН РЕСПУБЛИКАСЫНЫҢ
АУДАНДАР МЕН ОБЛЫСТЫҚ МАҢЫЗЫ БАР
ҚАЛАЛАРЫНЫҢ ӘКІМДЕРІН САЙЛАУ

ҚЫРКҮЙЕК

Дү	Сей	Ср	Бе	Жұ	Сн	Же
11	12	13	14	15	16	17
18	19	20	21	22	23	24
25	26	27	28	29	30	

Кандидаттарды ұсыну
16 қыркүйек – 5 қазан сағат 18.00-ге дейін

Кандидаттарды тіркеу
16 қыркүйек – 10 қазан сағат 18.00-ге дейін

ҚАЗАН

1						
2	3	4	5	6	7	8
9	10	11	12	13	14	15
16	17	18	19	20	21	22
23	24	25	26	27	28	29
30	31					

Сайлау алдындағы үгіт
10 қазан сағат 18.00-ден кейін – 4 қараша сағат 00.00-ге дейін

2023 ж. 4 қараша Тыныштық күні

2023 ж. 5 қараша Дауыс беру күні

ҚАРАША

1	2	3	4	5
---	---	---	---	---

Қазақстан Республикасының Орталық сайлау комиссиясы

Құрметті ұстаздар!
Қадірлі ардагерлер!

Ұрпақ тәрбиесі жолында қызмет еткен мұғалім еңбегінің орны бөлек, дәрежесі биік.

Сіздерді кәсіби мереке – Ұстаздар күнімен шын жүректен құттықтаймын! Өз ісі мен сөзімен егемен еліміздің болашағын ойлайтын, тәуелсіздігін баянды ететін білімді ұрпақтың тәлімгері – сіздерге зор міндет артылып отыр.

Сіздер еліміздің, ауданымыздың білім беру жүйесін дамытуға, туған жердің шынайы патриоттарын тәрбиелеуге зор үлес қосып келесіздер.

Сіздердің балаларға берген жылулық пен тәрбиелеріңіз әрқашанда алдарыңыздан сәттілік пен алғыс ретінде шыға берсін.

Халқымыздың кеменгер ұлы Абай Құнанбайұлының «Адамның адамшылығы – жақсы ұстаздан» деген қанатты сөзі Сіздердің еңбектеріңіздің маңыздылығын білдірсе керек. Сіздердің еңбектеріңіздің нәтижесінде біздің оқушылар мықты білім мен тәлімді тәрбие алып, облыстық, республикалық олимпиадаларда, байқауларда жүлделі орындарға ие болып жүр. Келешекте де инновациялық білім берудің беделін нығайтуға күш жігерлеріңізді салатындарыңызға сенімдіміз.

Құрметті ұстаздар! Жас ұрпақты оқыту мен тәрбиелеу жолындағы еңбектеріңізге табыс, шығармашылық жетістіктер, саламатты денсаулық және білім мен ғылымды игеруде алда болуларыңызды тілеймін.

Мерекелеріңіз құтты болсын!

А.Қуанышбаев,
Ақтоғай ауданының білім бөлімінің басшысы.

Жемқорлық – қоғам дерті

Сыбайлас жемқорлық – мемлекеттің әлеуметтік-экономикалық дамуын тежейтін және қоғам өміріне едәуір нұқсан келтіретін келенсіздіктің бірі. Жемқорлық пен паракорлыққа пәрменді түрде тойтарыс берілмесе, гүлденген, өркениетті мемлекетті елес-тету мүмкін емес. Мемлекет басшысы Қасым-Жомарт Тоқаев: «Сыбайлас жемқорлық – өте күрделі құбылыс. Былай айтқанда дерт деп те айтуға болады. Мысқалдап кіретін, батпандап шығатын кесел. Сондықтан бұл дертпен бәріміз қоғам болып күресуіміз керек», - деген болатын. Яғни қоғамға қауіпті жат құбылыстың алдын алып, жолын кесу – баршамызға ортақ маңызды міндеттің бірі.

Елімізде Қазақстан Республикасы Президентінің Жарлығымен Сыбайлас жемқорлыққа қарсы саясаттың 2022-2026 жылдарға арналған тұжырымдамасы бекітілген болатын. Бұл орайда мемлекеттің сыбайлас жемқорлыққа қарсы саясатын насихаттаудың, аталмыш келенсіздікпен қоғам болып күресудің маңызы зор.

Жылдың басынан сыбайлас жемқорлыққа қарсы мәдениетті қалыптастыру бойынша жүзден астам іс-шара өткізілді. Атап айтқанда, кенттер мен ауылдық округтердің әкімдері мемлекеттік қызметшілер, бюджеттік ұйым қызметкерлері, жастар мен халық арасында кездесулер ұйымдастырылып, "Адал көмек" акциясы аясында 20 тікелей эфир өтті. Халыққа және бизнес құрылымдарына 150-ден астам буклет таратылып, ауданның елді мекендерінде баннерлер орнатылды.

Сыбайлас жемқорлықтың алдын алуда тұрғындармен тығыз қарым-қатынас орнатып, өзекті мәселелерді нәтижелі шешудің маңызы зор. Осы орайда, «Халық үніне құлақ асатын үкімет» тұжырымдамасы аясында ауданымызда жергілікті тұрғындармен мәселені бірлесе шешу, кері байланыс орнату мақсатында, ай сайын "Әкім сағаты" шарасы өткізіледі. Онда

аудан тұрғындарының сұрақтарына тікелей эфирде жауабы беріліп, маңызды мәселелер тұрғындармен бірлесе талқылануда. Сондай-ақ, тоқсан сайын ауыл, кент, ауылдық округ тұрғындармен есепті кездесулер тұрақты түрде өткізіледі. Бұдан бөлек аптаның сейсенбі күндері аудан әкімінің азаматтарды жеке қабылдауы жүргізіледі. Осы шаралардың бәрі тұрғындармен қоян-қолтық жұмыс жасап, мәселелерді түбегейлі шешуге, халықтың мемлекеттік органдарға деген сенімін арттыруға өз септігін тигізуде.

Мемлекеттік қызметшілер арасында сыбайлас жемқорлыққа қарсы мәдениетті нығайту мақсатында ауданның әдеп жөніндегі уәкілі ай сайын мемлекеттік қызметшілер үшін сыбайлас жемқорлыққа қарсы іс-қимыл мәселелері бойынша түсіндіру іс-шараларын жүргізеді.

Мемлекеттік органдар қызметінің қолжетімділігін қамтамасыз ету, халықпен ашық диалог құру мақсатында 2020 жылы аудан әкімдігінде фронт-офис ашылды. Онда тұрақты негізде бір терезе қағидаты бойынша халыққа қызметтер көрсетіледі. Құжаттарды қабылдау қағаз түрінде де, электрондық нысанда да, оның ішінде өзіне-өзі қызмет көрсету бұрышы арқылы жүргізіледі.

Болашақта өскелең ұрпақ жемқорлыққа қарсы тұру үшін әрбір отбасында, балабақшада тәрбиеленетін, мектепте білім алатын баланың бойына имандылық пен адамгершілікті, еліне, жеріне, ұлтына деген жанашырлық, патриоттық сезімді тереңінен сіңіруіміз шарт. Жаны, ары таза, елі мен жерін көркейтер нағыз азамат қалыптасуы үшін ұлттық рухты жас ұрпақ бойына дұрыс дарыта алуымыз қажет. Бар назарымызды ұрпақ тәрбиесіне шоғырландыра алсақ, жарқын болашаққа сенімді әрі нық қадам басатынымыз анық.

Р.Кенжебеков,
Ақтоғай ауданының әкімі.

Согласно статье 61 Закона «О государственной службе Республики Казахстан» (далее - Закон), в качестве оснований прекращения государственной службы административными государственными служащими по отрицательным мотивам указаны 10 случаев.

Так, в соответствии с пунктом 3 статьи 61 Закона административные государственные служащие, уволенные в соответствии с подпунктами 7), 8), 9), 11), 12), 13), 14), 15), 16) и 21) пункта 1 настоящей статьи,

Последствия прекращения государственной службы административными государственными служащими по отрицательным мотивам

признаются уволенными по отрицательным мотивам.

В частности в данном пункте указаны такие основания как представление административным государственным служащим заведомо ложных сведений о доходах и имуществе, несоблюдение обязанностей и (или) ограничений, установленных законами Республики Казахстан, не передача в доверительное управление принадлежащих на праве собственности долей, акций (акцию), совершение административного коррупционного правонарушения и так далее.

Необходимо указать, что после увольнения лиц, указанных в пункте 3 Закона, на них в соответствии с пунктом 6 «Правил ведения и использования учета лиц, уволенных с государственной службы по отрицательным мотивам», утвержденных Приказом Генерального прокурора Республики Казахстан от 29 апреля 2011 года № 39 (далее - Правила), кадровой службой в органы по Правовой статистике и специальным учетам Генеральной

Прокуратуры Республики Казахстан направляется карточка формы № 1-ОМ, которая в соответствии с пунктом 14 Правил хранится постоянно.

Таким образом, при участии в конкурсах на занятие вакантной административной государственной должности, либо при поступлении на какую либо работу, где требуется прохождение проверки в органах правовой статистики, при рассмотрении документов данный факт будет отражаться в базе данных «Специальные учеты».

Также необходимо указать, что в соответствии со статьями 680 и 681 Кодекса об административных правонарушениях (далее - Кодекс), непринятие руководителями государственных органов мер по противодействию коррупции влечет штраф в размере ста месячных расчетных показателей, а принятие на работу лиц, ранее совершивших коррупционное преступление предусмотрено штраф в размере ста месячных расчетных показателей.

При этом данные статьи Кодекса являются коррупционными правонарушениями, за что в соответствии с пунктом 11) Закона влечет также увольнение по отрицательным мотивам.

В этой связи доводим до сведения, что каждому государственному служащему необходимо при выполнении своих должностных обязанностей строго руководствоваться законодательством о государственной службе.

М.Умуркулов,
Главный специалист
Управления по контролю в сфере
государственной службы.

*Халық үніне құлақ асатын мемлекет

Аудан ахуалы – қоғамдық кеңес назарында

Қазақстан Республикасының «Қоғамдық кеңестер туралы» заңына сәйкес жергілікті мемлекеттік басқару органдары әкімдерінің және мәслихат хатшысының қоғамдық кеңестер алдында есеп беру көзделген. Осыған орай қыркүйек айының 26 жұлдызында аудан әкімдігінің үлкен мәжіліс залында аудандық Қоғамдық кеңесінің кезекті отырысы болып өтті. Отырысты аудандық Қоғамдық кеңестің төрағасы Әуелбек Қапасов ашып, жүргізіп отырды.

Күн тәртібінде Ақтоғай ауданы әкімі Р.Кенжебековтың өзіне жүктелген функциялары мен міндеттерін орындауда ауданның әлеуметтік-экономикалық дамуының 2023 жылдың 8 айының қорытындылары туралы есебі тыңдалды. Сонымен қатар, Шашубай, Сарышаған кенті әкімдерінің өзіне жүктелген функциялары мен міндеттерін орындаудағы



атқарған жұмыстары туралы, «Аудан көлемінде жол, құрылыс, инфра-құрылымдар жүйесі, абаттандыру бағытындағы атқарылған жұмыстардың сапалы аяқталуы және «Мемлекеттік сатып алу туралы» заңдылықтарының орындалу барысы мен алда тұрған

міндеттер жөнінде мәселе қаралды.

Ауданның жер қатынастары, сәулет және қала құрылысы бөлімінің басшысы Н.Сейтов аталмыш бөлімнің «Аудан көлемінде жерді қорғау мен мақсатсыз пайдаланылмай жатқан жерлерді мемлекетке қайтару бағытында және жер беру жөніндегі аудандық комиссияның 2023 жыл басынан бері атқарылып жатқан жұмыстар туралы», көрсетілетін мемлекеттік қызметтері және сыбайлас жемқорлыққа қарсы бағытындағы жұмыстары жайында ақпарат берді. Күн тәртібіндегі мәселелер қоғамдық кеңес мүшелері тарапынан жан-жақты талқыланып, тиісті ұсыныстар беріліп, қаулы қабылданды.

Отырысқа ауыл тұрғындары мен қоғам белсенділері, кент, ауылдық округ әкімдері, аудандық мәслихат депутаттары қатысты.

Ш.Естеков,
Ақтоғай ауылы.

Еңбек пен қоғам қайраткерлері түлеген өлке

Ауыл – ұлт құндылықтары тоғысқан алтын бесік. Салт пен дәстүрдің түпкі темірқазығы осында. Береке мен байлықтың бастауы да ауылда. Төрт түлігін түлетіп, егінін өсіріп, шаруасын шайқалпаған ауылдың ажарын айтсақ дейміз. Тәуелсіздік алып, төрт құбыламыз түгенделгелі Ақтоғай өңіріндегі бүтін бір елдің асыраушысы, қайнаған еңбек пен ұлттық руханияттың қайнар көзіндей болған ауылдарымыз көп. Бетегейлі беткейге отар-отар қойын өргізіп, Тоқырауын бойында қыл құйрықтысы

белгілі суретші-жаңғыртушы, «Есік» қорғанынан табылған «Алтын адамды» қайта құрып, реконструкция жасаған Қырым Алтынбеков, КСРО Жоғарғы кеңесінің депутаты, атақты кенші Жолдасбай Оспанов, Социалистік Еңбек Ері, атақты шопан Маубас Мұқанов секілді ғылым мен өнер, еңбек пен қоғам қайраткерлері түлеген киелі өлке.

Ауыл тұрғындарын білім нәрімен сусындатып М.Ержанов атындағы орта мектеп пен балғындарға шағын орталық үздіксіз қызмет етіп тұр. Одан бөлек дерті дендеген жандарға арналған күндізгі емдеу бөлімі бар дәрігерлік амбулаториясы және қарабұлақтықтардың зейінін ашуға 14576 кітап қоры бар жинақталған кітапхана жұмыс істейді. Сонымен қатар кез келген іс-шара мен ауылдың мерейлі күндерінде күміс көмей әншілері бұлбұлдай сайрайтын ауылдық мәдениет үйі, ауыл тумаларының күшімен салынған мешіт үйінің есігі құдайға құлшылық етушілерге әрдайым ашық.

Мұндағылардың көбісі мал шаруашылығына басымдық берген. Сондықтан төрт түлігін сай ұстағандар үшін де ветеринариялық пункт жұмыс жасап, ауылда сауда дүкендері және пошта байланыс бөлімшесі қызмет көрсетеді.

Өңірдегі іргелі елді мекеннің тыныс-тіршілігі мен ауыл халқының әлауқатын көтеру мақсатында жыл ішінде атқарған жұмыстарды білу мақсатында Қарабұлақ ауылдық округінің әкімі Асқар Иманғазинге сөз тізгінін ұстаттық.

– Қарабұлақ ауылдық округі бойынша 8 айдағы атқарылған жұмыстары және алда тұрған міндеттерге тоқ-

көше бағанасын орнатуға 11 млн.432 мың теңге қарастырылып, 20 көше жарықтары орнатылды.

Ауылға кірер жолдағы өткелге жөндеу жұмыстарына 61 млн. теңге бөлінді. Қазіргі таңда медігер анықталып, жөндеу жұмыстары басталады. Сонымен қатар күрделі жөндеу мәдениет (клуб) үйінде жүріп жатыр. Қаралған қаражат 80 млн. 874 мың теңге. Қарасу елді мекеніне «Биллайн» желісі және демеушілердің арқасында өткел салынып жатыр. Қарасу елді мекеніне көше жарықтарына аудандық экономика бөлімінен трансформатор мен 25 бағанға ақша сұралып жатыр.

Қарабұлақ бағзыдан атакәсіпті арқау

тұқымды сиырларымен тұқымдық түрленуге қатысуда. 2023 жылы елді мекендегі тұрғындар, шаруа қожалықтары жоспарланған қысқы мал азығы – 36168 тонна осы жоспар 100 пайызға орындалды. «Мұқағали» шаруа қожалығының жетекшісі Жакып Баймолла 120 гектар алқапқа жүгері, 70 гектар жерге қауын, қарбыз екті. Ауданның босалқы жер қоры құрамынан шалғайдағы мал шаруашылығы (маусымдық жайылымдар) үшін тұрғын халықтың мал жаюы мен шөп шабу үшін Нарманбет ауылы 5000 га, Қарасу елді мекенінен 5000 га жер телімін алып құжаттары рәсімделді. Ауылдық округтегі шаруа



шұрқырасып, табын-табын танасының саны мен сапасын арттыруда аудандағы бәсі жоғары елді мекеннің бірі – Қарабұлақ ауылдық округі.

Округте – 680 тұрғын, 183 – отбасы мекендейді. Ауылдың аты аталғанда құлаққа жағымды әндер, есімізге елеулі тұлғалар келеді. Бұлай дейтініміз дәл осы ауылдан кешегі орақ ауыз, от тілді Орманбет бидің, әр сөзі жақұтқа, әр ойы саф алтынға бағаланатын Нарманбет



еткен берекелі аймақ. Жазиралы жайылымы төрт түлікті түлетіп нәм төлдетуге таптырмайтын жер. Содан болса керек, мал шаруашылығы бойынша мемлекеттік бағдарламасының орындалу барысы бойынша ауыл көш бастап тұр. Ауылшаруашылық есепке алу

кожалықтары ауылымызға 56 млн. теңге инвестиция тартты. ІҚМ, ҰММ, жылқы малы сатып алынып, техникалық парктері жанартылды. Мемлекеттің құрғақшылыққа байланысты жемшөпті субсидиялауға байланысты ІҚМ, ҰММ шаруа қожалық жетекшілері субсидияға өтінім беріп,



ақын, Жазушылар одағының мүшесі, Халықаралық Алаш сыйлығының иесі, ақтангер ақын Абзал Бөкен, өңірден шыққан тұңғыш фельдшер, Қазақ ССР Ғылым Академиясының корреспондент мүшесі, профессор, СОКП мүшесі, Хайдар Арыстанбекұлы, профессор, академик, Лениндік сыйлық иегері Әлихан Мусин, белгілі физик-математик Орынбек Жәутіков, КСРО Халық әртісі, КСРО Мемлекеттік сыйлық иегері Күләш Байсейітова, Қазақ ССР-нің Халық әншісі Манарбек Ержанов,

талсақ. 2022 жылы ауылдық округ аппаратына аудан бюджетінен ағымдағы шығындарға 34 млн 601 мың теңге қаржы бөлінді. Оның – 450 мың теңгесі Елді мекендердегі көшелерді жарықтандыруға, 500 мың теңгесі елді мекендерді абаттандыру мен көгалдандыруға және 450 мың теңгесі елді мекендердің санитариясын қамтамасыз етуге жұмсалды. Наурыз айында маслихат сессиясының шешімімен Нарманбет ауылының Абай Құнанбаев көшесіне жана КТП және

журналдарындағы мәліметтер бойынша 2023 жылдың 2 тоқсанның 9 айлық көрсеткішіне сәйкес ауылдық округте 90 шаруа қожалық бар. Осы есепті кезеңде шартты мал басы өткен жылмен салыстырғанда өскен. Ауыл бойынша жалпы мал басының санына тоқталсақ, мүйізді ірі қара 9056 басқа өсіп, жылқы 6949 бас, қой-ешкі 27119 басқа өскен. Бүгінгі күнге тіркелген күс 1311 басты құрап отыр.

2023 жылғы диагностикалық зерттеулердің 1-ші жарты жылдық шілде айының жоспары бойынша: Ірі қара мал жоспары 4800 бас, орындалысы 3697 бас, 76 пайыз, ұсақ мүйізді мал жоспары 15136 бас, орындалысы 15036 бас, 94 пайыз. Етқоректілер жоспары 10 бас, орындалысы 10 бас, 100 пайыз, Қошқар қарақапталы жоспар 110 бас, орындалысы 110 бас, 100 пайыз. Бруцеллез ауруына оң нәтиже көрсеткен ірі қара малдары жойылды.

Асыл тұқымды мал басын арттыру бағытында тұқымдық түрлендіруге округ бойынша 15 шаруа қожалығы қатысып отыр. Оның ішінде 2 шаруа қожалық «Герafort» аналық асыл



субсидия алды. 7 шаруа қожалығы АПК бағдарламасы аясында 9 адамды тұрақты жұмыспен қамтыды, - дейді А.Иманғазин.

Ауыл басшысының айтуынша ауылдағы кәсіпкерлік саласы жылдан-жылға кең қанат жайып, шағын және орта кәсіпкерлікті дамытуда біршама жұмыстар атқарылған. Округте 23 жеке

(Жалғасы 5-бетте).

тұлға аудандық кірістер басқармасына жеке кәсіпкер болып тіркелген. Оның ішінде бөлшек сауда қызметі бойынша 6 қоғамдық тамақтандыру, 1 қоғамдық монша және 1 балық шаруашылығы халыққа қызмет көрсетуде. «Аграрлық несиелік корпорациясы» кәсіпкерлікпен айналысқысы келетін немесе кәсіпкерлікпен айналысатын 21 мен 35 жас аралығындағы жастарға конкурстық негізде 2,5% дан аспайтын



шағын несиелік қарастырылған. Несиелік жөнінде түсіндірме жұмыстары жүргізіліп, ниет білдірген 2 жас құжаттарын өткізіп, 1 жас кәсіпкер 5 млн. несиелік алған. «Жамбыл жобасы» бойынша 3 кәсіпкер 2,5 пайызбен өтініш білдіріп, АПК «Сарыарқа» құжаттарын өткізіпті.

—Елді мекендегі құрылыс, коммуналдық шаруашылық жайын сөз етсек округ бойынша санитарлық жағдай үнемі назарда. Көктем, күз мезгілдерінде тазалықтың екі айлығында сенбіліктер мен бейсенбіліктер тұрақты түрде жүргізіліп отырды, көгалдандыру жұмыстары жүргізілді. Ауыл тұрғындары қыстан шыққан күл-коқыстарын өз күштерімен шығарды. Әр аула иесі қыс айларындағы күл-коқыстарын арнайы орынға төгу қалыптасқан. Президентіміздің Қазақстан халқына жыл сайынғы

Жолдауларында әлеуметтік сала назардан тыс қалған емес. Мемлекет басшысы Қасым-Жомарт Тоқаев Қазақстан Республикасының Президенті қызметіне кіріскен бойда осы бағыттағы жұмыстарға баса көңіл бөліп, әлеуметтік саланы кең қамтыған реформаларының басты мақсаты – халықтың тұрмыс жағдайын, өмір сүру сапасын арттыру. Бүгінде мемлекет тарапынан көрсетілетін халықты қолдауға арналған шаралар еліміздің ішкі

саясатының басым бағыттарының бірі ретінде қалыптасып отыр. Қарабұлақ ауылдық округінде әлеуметтік 1 жұмыскер бар. Мүгедектік санаттағы адамдардың қатарынан 5 адам демалу орындарына кетті. Ақтоғай ауданы әкімдігінің «Халықты жұмыспен қамту орталығы» коммуналдық мемлекеттік мекемесінің мамандары арнайы келіп, 2021-2025 жылдарға арналған кәсіпкерлікті дамыту жөніндегі «Ұлттық жоба» бойынша түсіндірме жұмыстарын жүргізіп отырады. Тағы бір жауапты сала – халықты жұмыспен қамту. Жыл басынан бастап жұмыссыздықта 11 адам тіркелген, оның 1 адам әлеуметтік жұмыс орнына, 4-і қоғамдық жұмысқа тартылды, 1 адам «Күміс жас» бағдарламасына кірді.

«Қарттар күніне» байланысты демеушілердің көмегімен 16 қарт адамға сый-сияпат таратылды.

«Білім – стратегиялық сала. Тіпті, экономика саласы деуге болады. Сондықтан, бұл сала жіті назар аудару мен ауқымды қаржы бөлуді қажет етеді. Мемлекет пен аймақтардың тұрақты дамуын осылай ғана қамтуға болады», – деген Мемлекет басшысы балаларға қолайлы жағдай жасау – күн тәртібінде тұрған өзекті мәселе екенін жеткізді. Осы ретте биылғы оқу жылында бюджет есебінен М.Ержанов атындағы жалпы білім беретін мектеп оқушыларына 10 компьютер және нотбукпен қамтамасыз етілген. 2022-2023 оқу жылында 23 педагог жұмыс жасайды. Мектепте барлығы 61 оқушы оқиды. Баста-уышта

– 26 оқушы, жоғары сыныпта – 35 оқушы. 2022-2023 оқу жылында 5 түлек бітіріп, оның 3 оқушы жоғарғы оқу орнына грантка түсті.

Ауылдық денсаулық сақтауды жаңғырту халықтың өмір сүру ұзақтығын және әлеуметтік әлауқатын арттыруға мүмкіндік береді. Нарманбет дәрігерлік емханасында 6 медициналық қызметкер еңбек етуде. Диспансерлік есепте әртүрлі аурулармен 122 адам тіркелген. Оның 12-сі бала. Осы науқастар ай сайын тегін дәрі-дәрмекпен қамтамасыз етіліп тұрады. 2022 жылы скринингтік тексерістен ауыл халқы 100 пайыз өтті.

Жалпы округте қоғамдық саяси ахуалды тұрақты қалыпты сақтау, оларға кері әсер ететін факторларды болдырмау мақсатымыз. Осы орайда әкімшілік маманы, учаскелік полиция ауыл ішін, қыстақтарды аралап тоқсан сайын рейд жасап ауылшаруашылығы жануарларын жаю ережелеріне, жалдамалы жұмыскер алған жағдайда заң жүзінде тіркеп, келісім-шартқа отыру жөнінде түсіндірме жұмыстарын жүргізді. Ауылдық округ бойынша теріс діни ағым ықпалында жүрген жастар

жоқ. Сондай-ақ, 2023 жылы ауыл тұрғындарына мемлекеттік мереке мен кәсіби күндері аталып тұрады. Іс-шаралардың бәріне ауыл тұрғындары қатысады. Үстіміздегі жылы мәдениет, спорт, жастар саясаты бойынша Нарманбет ауылында көптеген іс-шаралар



өтті. Жоспарға сәйкес мерекелік іс-шаралар өтіп отырады. Атқарылған шаралар әлеуметтік желілерге тұрақты жарияланып тұрды. Ауыл тұрғындарының демеушілігімен 5-тамыз күні «Ауыл күні» өтті. Ауыл күнінде өткен іс-шаралар, ат жарыс, қазақша күрес, жаяу жүгіріс т.б. мерекелік концерт өтті, – дейді ауыл әкімі.

Ауыл – халқымыздың қара шаңырағы. Міне, кең далаға тіршілік нәрін сепкен Тоқырауын бойын жайлаған күт мекен – Қарабұлақ ауылының еңкейген қарты мен еңбектеген баласына дейін еңбекқор. Біз, бұл мақалада олардың атқарып жатқан жұмысының бірсыпырасын ғана жаздық. Еңбекпен есейген жұртшылықтың еліміздің тәуелсіздігін тұғырлы етуге де қосып отырған үлестері қомақты. Тәуелсіздікпен бірге түлеп, егемендікпен еңсе тіктеген ырысты елдің бүгінгі тыныс-тіршілігі міне, осындай! Ауыл гүлденсе, бәріміздің гүлденетініміз анық. Ауыл жайлы әңгіме қозғап отырғанымыз да сондықтан болса керек.

**Халық үніне құлақ асатын мемлекет*

Құрмет - қарияларға

Қариясы бар елдің қазынасы бар. Қарттарымыз еліміздің көзі тірі шежіресі десек артық айтқандық емес. Елдің дамуына саналы ғұмырларын арнап, тер төккен ардагерлер барынша құрметтелуі тиіс. Себебі, бүгінгі ұрпақ қариялардың алдында қарыздар. Осы қасиетті парызды ұмытпай қарияларға құрмет көрсету үшін «Халықаралық қарттар күні» мерекесі аталып, түрлі іс-шаралар ұйымдастыру жыл сайын үзілмейтін игі дәстүрге айналған.

Ауыл әкімі Асқар Иманғазин 1 қазан – Халықаралық қарттар күні мерекесіне орай өңірдің өсіп-өркендеуіне, әлеуметтік-экономикалық дамуына зор үлес қосқан бірқатар ардагерлердің шаңырағына барып, құрмет көрсетті.

– Қарттар күні – еліміздің өркендеуі мен дамуы үшін қажырлы



еңбек еткен, халқымыздың болашағы үшін тер төккен алдыңғы буын аға-апаларымыздың төл мерекесі. Президент Қасым-Жомарт Тоқаевтың бастамасымен ардагерлердің жақсы өмір сүруіне көп көңіл бөлінуде. Жыл сайын зейнетақының өсуі, көпбалалы аналардың жәрдемақысының көбеюі, сондай-ақ, соғыс және еңбек ардагерлеріне жасалып жатқан жеңілдіктер – аға буын өкілдеріне арналған қамқорлық. Қариясын құрметтеген елдің қашанда ертеңі биік, мерейі үстем болары анық, – деп, ақ жарма тілегін жолдаған ауыл басшысы бір топ ауыл ардагерлеріне мерекелік сыйлық тарту етті.

Қазыналы қарттар арнайы ауыл басшысына ризашылығын білдіріп, елдің амандығын тілеп, ақ баталарын берді.

**Бетті дайындаған:
Думан Аманкелдіұлы.**



Түтіні – түзу, балталасаң бұзылмас бірлік бар, белдеуінде сәйгүлік, төрінде ұлтымызға сай ғұрып бар, азаматы жомарт, топырағы киелі ауылдардың бірі Қусақ ауылдық округі. Тарихын тым әріден қаузайттын болсақ, газет көлемі көтере алмайтыны анық. Хатқа түскен тарихи мәліметтерге сүйенсек, Қусақ өзенінің бойында 1936 жылы «Таң», «Молотов», «Береке», «Қопа» деп аталатын

***Президент тапсырмасын орындай отырып...**

ішінде жайылымдар – 74 510 гектар, шабындық жерлері – 11 500 гектар. Ауылдық округте клуб үйі, кітапхана, орта мектеп, күндізгі шағын орталық, отбасылық дәрігерлік емхана, спутниктік байланыстағы телефон желісі, пошта бөлімшесі, мешіт үйі жұмыс жасайды. «Билайн», «Актив» және «Теле-2» мобильді байланыстары 4G мобильді интернеті және әр үйде «Қазақтелеком» АҚ «Мегалайн» интернет байланысы тұрақты жұмыс жасап тұр. Ауыл тұрғындары 2007 жылдан бері ауыз суды тұрақты пайдаланып отыр. 2022 жыл бойынша салықтан барлығы 9 млн. 158 мың теңге түсті, оның ішінде жер қойнауын пайдаланушылардан 7 млн. 084 мың теңге, мүлік салығы 55 мың теңге, бірыңғай жер салығы 3 мың теңге, көлік салығынан 2 016 мың теңге қаржы түсірілген.

қамтамасыз етуші-1, кондитер -1, өнімдері-1, құс асыраушы-1, қымыз өндіруші-1, такси қызметі-1, мал өсіру бағытында-8. 2022 жылы жеке кәсіпкер Жақыпбекова Арина 500 мың теңге көлемінде аудан әкімінің грантын жеңіп алып, кәсібін кеңейтті. Кәсіпкерлермен азық-түлік бағасын негізсіз қымбаттатпау жөнінде 3 жақты меморандумға қол қойылып, «Береке» және «Айзере» дүкендеріне апта сайын бағаға мониторинг жүргізілуде. Келесі жылы қоғамдық монша ашу жоспарда бар. Сонымен қатар шағын тойхана, наубайхана ашу мәселесі де шешімін табу керек деп ойлаймын.

Ауыл шаруашылығында нақты іс шаралар бар
Экономиканың дамуына себепші болатын бірінші кезекте



Дархан Мұқатай,
Қусақ ауылдық округінің әкімі.



Ауылға көңіл бөлу, оның жағдайын жақсарту – мемлекеттік мәні зор іс



4 колхоз құрылған екен. Осы 4 колхоз сол кездегі әкімшілік жүйе бойынша атқарушы орган – Қусақ ауылдық кеңесіне қараған. Дамуы мен ынтымағын қатар ұстап, арқаны жайлаған қалың елдің бір пұшағынан ойып тұрып орын алатын бұл ырысты елдің тарихын сараласаң татулықтың иісі аңқиды. Енді ажары айшықты ауылдың жетістіктері мен алдағы жоспарларын тілге тиек етсек.

Ауылға көңіл бөлу, оның жағдайын жақсарту – мемлекеттік мәні зор іс. Кез-келген экономикалық реформаның түпкі мақсаты – халықтың әл-ауқатын арттыру. Қазақ мемлекетінің қалыптасуы және дамуы негізінен ауыл өмірімен тікелей байланысты. Дана халқымыздың «Ауыл түбі–бірлік, қауым түбі–тірлік», «Ауылдың амандығы–елдің амандығы» деген мақалдар ауылдың этникалық, экономикалық және рухани маңыздылығын білдіреді. Кәсіпкерлікті қолға алып, өз ісін дөңгелеткендер мен еңбекпен біте қайнасқан тұрғындары бар Қусақ ауылдық округін мекендеген жалпы халық саны 414 адам. Жалпы жер көлемі 273 703 гектарды құрайды. Ауыл шаруашылығы мақсатындағы жер көлемі – 259 000 гектар. Оның



Ел игілігін еселеуде
Көрікті елді мекенде кәсіпкерлік өрісі кеңейіп келеді. Жыл өткен сайын мұнда қолдан келетін іспен айналысушылар саны артып, түрлі кәсіп дамуда. Өркениетке ұмтылған ауылда қазіргі заманның талабына сай кәсіпкерлік орындарының бой тіктеуі қуантарлық жайт.
–Ауылдық округ бойынша аудандық мемлекеттік кірістер басқармасында 16 жеке кәсіпкер тіркелген, оның ішінде 3 дүкен, балабақшаны азық-түлікпен

ауылшаруашылық саласы. Бұл сала дамымай, бәсекеге қабілетті экономиканы құру мүмкін емес. Дамуға бағыт алған елімізде, әсіресе, өндірісті өркендету, оның ішінде ауылшаруашылығын жолға қою керегі жиі айтылып жүр. Жүзеге асырылып жатқан нақты іс-шаралар да бар. Қусақ ауылдық округінің елді мекен тұрғындарын жайылымдармен қамтамасыз етілуі мал жайылымына белгіленген норматив бойынша қажетті жер 39 026 га, қазіргі кездегі тұрғындардың жайылымдық

жері 13 196 га, яғни жайылыммен қамтамасыз етілуі 34 % болып келсе, 2022 жылы жалпы көлемі 12 558 га 3 учаске жер бөлініп, құжаттары рәсімделді, 66% қамтамасыз етілді.
2023 жылдың 1 шілдесіне округ бойынша мал басы ірі қара – 3680 бас, қой-ешкі –7861 бас, жылқы–2682 бас, құс–1204 басты құрады. Ірі қара малы мен жылқы санының өсімі жылда байқалады. Асыл тұқымды мал басын арттыру бағытында тұқымдық түрлендіруге шаруа қожалықтарын қатыстыру бойынша 11 шаруа қожалығы, барлығы 22 бас асыл тұқымды аталық малдар әкеліп, 501 бас аналық сиыр тұқымдық түрлендіру бағдарламасына қамтылды. Аталық малдарды жалға беру мәселесінің кеш анықталуы себебінен біраз шаруалар тұқымдық түрлендіруге қатыса алмады.
Ауыл шаруашылығы техникаларын жаңарту бойынша «Бесшоқы» 1 роторлы шалғы, «Рахат» 1 фронталды тиегіш, «Ынталы» тиегіш, барлығы 3 дана ауылшаруашылығы техникаларын жаңартты. Ағымдағы жылы «Ұлар» шаруа қожалығы 4 дана аспалы

(Жалғасы 7-бетте).

***Президент тапсырмасын орындай отырып...**

(Соңы. Басы 6-бетте).

және тіркемелі техникалар сатып алды. 2022 жылы жаңадан 3 шаруа қожалығы құрылса, (Мейірім, Ерасыл, Сұрат шаруа қожалықтары) осы жылы да жаңадан 3 шаруа қожалығы құрылуда. Құсақ ауылдық округі бойынша 32 шаруа қожалығы мал азығын дайындау, яғни, шөп шабу, оны қыстақтарға жеткізу науқанын қызу жүргізуде. Сонымен қатар 3 жеке тұлға да шөп шауып, тасу жұмыстарымен айналысуда. Науқан басында 5 шаруа қожалығы және 2 жеке тұлғамен меморандум жасалған болатын. Қардың қалың түсуі, маусым айының соңында және шілде айының алғашқы жартысында мол жауын-

«Алдымызда тағы бір өте маңызды міндет тұр. Біз агроөнеркәсіп кешенінде нақты серпіліс жасауымыз керек. Ет, сүт, астық өнімдерін терең өңдеу және өндірістік жылыжай шаруашылықтарын дамыту сияқты біз үшін болашағы зор бағыттарға басымдық берген абзал. Сонымен бірге өз еліміздегі ауыл шаруашылығы кәсіпорындарының әлеуетін қатерден шығармаған жөн.»

ҚР Президенті Қасым-Жомарт Тоқаев

2 қазандық жаңартылды. Елді мекендерді жарықтандыру жұмыстарына Балқаш қаласындағы «Алтын балға» ЖК жеңімпаз деп танылып, жұмыстар уақытында сапалы атқарылды, 13 дана көше жарықтары Мәдениет және Бірлік көшелеріне орнатылды. 2023 жылы клуб үйі, кітапхана және әкімдік ғимараты орналасқан аумақты абаттандыру

көмегімен 3,5 млн. теңгеге Жастар алаңы іске қосылса, осы жылы ауыл тұрғынадына арналып 850 мың теңгеге киіз үй, мектепке жүгіртпелі экран, аллея, емханаға кеңселік техника, сонымен қатар ауыл мешітіне жылы еден жүйесі сыйға тартылды. 3 маусым күні Түлектер күні атап өтіліп, әртүрлі спорттық жарыстар ұйымдастырылды. Ауыл

қалыптастыруда күш салып жүрген білікті мамандардың да жұмысында жүйе бар. Білім ұясында бүгінгі күні 60 оқушы білім алуда. Мектеп жанындағы толықкүнді шағын орталықта 15 бала бала тәрбиеленуде. 22 ұстаз еңбек етуде. Қарағанды облысы бойынша түзілген «Топ 20 мектеп» қатарына Ақтоғай ауданы бойынша енгізілген мектеп болып табылады. ҰБТ көрсеткіші бойынша ауданымыздағы алдыңғы қатардағы мектептердің бірі. Мектеп түлектері Астана, Алматы, Қарағанды қалаларындағы жоғарғы оқу орындарын бітіріп еліміздің өңірлерінде экономиканың әр саласында қызмет атқарып жатыр.



шашынның түсуі шаруаларға шөп шығымының жақсаруына алып келді. Ауа-райының қолайсыздығына қарамастан шабылған шөпті қыстақтарға тасу, тұрғындарға жеткізу қарқынды жүргізілуде. Шаруалар қажетті шөппен қамтамасыз етіледі деп күтілуде. Құсақ ауылдық округі мал азығын дайындау және жеткізу бойынша өз ауылымызды ғана емес Ақтоғай селосын да қамтамасыз етіп отырған ауылдардың бірі. Трактор тіркемесі 40-50 мың теңге, ЗИЛ, КамАЗ тіркемесі 60 мың, «Мейрам» шаруа қожалығы рулонды 12-13 мың, «Ынталы» шаруа қожалығы түктелген шөпті 800 теңгеден сатуда. Басқа да шаруа қожалықтары ЖҚШ иелерімен келісім-шарт арқылы шөппен қамтамасыз етуді міндеттеріне алған. Былтырғы жылы 5 шаруа қожалығы әлеуметтік қолдауды қажет ететін отбасыға тегін шөп берсе, ағымдағы жылы да көмек көрсетуді жоспарлап отырмыз. Жалпы ауылдық округ бойынша мал азығын дайындау жоспары толық орындалып, жеке аулалар шөппен қамтамасыз етілетін болады.

Серпінді саладағы ілкімді істер

2022 жылы мәдениет ошағы ауылдық клуб үйіне «Жібек жолы» ЖШС-і арқылы күрделі жөндеу жұмыстары жасалып, заманауи кейіпке енді. Қошқар орта мектебінің барлық ескі терезелері ПВХ пластикке айырбасталып,



жұмыстары жасалынды. Атап айтқанда 200 метр темір қоршаулар айырбасталды, 800 м2 аумаққа тас төсеніш төселді. Ескі темір қоршаулармен Бейбітшілік көшесі бойындағы 100 дана терек ағаштары қайта қоршалып, сырланды. 20 дана көше жарықтары мен 250 Кв/а КТП орнату жұмыстарын атқаруды жоспарлап отырмыз, Мәдениет және Жеңіс көшелері жарықтандырылатын болады. Балалардың ойын алаңы салынып, бүлдіршіндерге үлкен сый тарту жасалды. 6 дана әр түрлі ойын элементтері орнатылып, еденіне жұмсақ төсеніш төселді. Тек бюджет қаржысына ғана емес демеушілер тарапынан да ауқымды істер атқарылуда. Өткен жылы ауыл түлектерінің

тұрғындарының демеушілігімен 200 мың теңгеге ауыл мешітінің ауласы жарықтандырылды. 2024 жылы ауыл жастарына көше тренажерларын орнату, ауылшілік жолдарға көтерме жол төсеу, зираттарды қоршау жұмыстарын жоспарлап отырмыз. Ауыл тазалығын сақтау, келбетін көркейту басты назарда. Үнемі сенбіліктер ұйымдастырылып, тазалық жасалып, сылау-сырлау жұмыстары атқарылып келеді. Бұзылған 3 үйдің орындары тазартылды. Аталған шараларға 5 адам қоғамдық жұмыскерлер тартылуда.

Білім деген – бір төбе

Қошқар жалпы білім беретін орта мектебінің нәтижелері көңіл көншітерліктей. Білімді жастарды

Т.Сейтқалиева, Б.Құсайынова, С.Әбеннова, С.Жұмағұлова, С.Жақсыбекова, М.Смаханов, С.Исмагулов сынды білікті ұстаздар оқушыларды білім нәрімен сусындатуда. Оқушы санын көбейту мақсатында жұмыстар жүргізіліп жатыр. Мектеп дирекциясымен арнайы кездесу өткізіліп, ағымдағы жылы оқушылар санын арттыру жұмыстарымен нақты шұғылданатын боламыз. Бұл ретте мектеп ұстаздарына артылатын сенім мол. Материалдық-техникалық базасы толықтырылып отыр.

ТҮЙІН. Өңір экономикасын дамытуда ауыл шаруашылығы әлеуетін көтерудің де маңызы жоғары. Бүгінде түрлі бағдарлама біршама жылдан бері жүзеге асырылып, елді мекендердің даму үдерісі назарға алынып келеді. Өркениетті ел болып, даму жолын қаладан тапқанымызбен, ауылдың алар орны бөлек екені әмбеге аян. Ал, ауылға көңіл бөлу, оның жағдайын жақсарту – мемлекеттік мәні зор іс. Кез келген экономикалық реформаның түпкі мақсаты – халықтың әлауқатын арттыру десек, бұл жолда атқарылған, алдағы уақытта атқарылар жұмыс легі тоқтамақ емес. Демек, ауылдың шын мәнінде ел бесігіне айналып, отандық ауылшаруашылығы өнімімен ірі қалаларды артығымен қамтамасыз ете алатын деңгейге көтеріле алатынына да сеніммен қарауға болады.



* Ауыл – алтын бесік

Мәдениет ұлт руханияты

Халыққа үлгілі әрі сапалы мәдени рухани қызмет көрсету – өмір талабы. Ұлттық мәдениет пен өнер саласын насихаттап, жаңғырту мәселесіне бүгінгі қоғамда айрықша назар аударылып отыр. Қай кезеңде де қай елде болмасын мәдениет пен өнер – халықтың рухани болмысының айнасы, бағдарлы болашағының бастауы. Мәдениеттің өсуі – елдің өсуі, ұлттың өсуі. Тәуелсіздігіне тәубе етіп, Мәңгілік Ел болуды мұрат тұтқан халқымыздың рухани бай дүниесінің өлшемі мен өресі де осы мәдениет пен

Кұлмағанбетов Төлеутай жалғастырды. Ал, 1968 жылы жаңа клуб үйінің құрылысы салынса, осыдан бірер жыл бұрын клуб үйінің ғимараты күрделі жөндеуден өтіп, пайдалануға берілді. 1979 жылдан бастап үстіміздегі жылға дейін Қылыбаева Гүлжәмила жұмыс істеп, зейнеткерлікке шықты. Ауылдық клуб үйі – ауыл тұрғындарының бос уақытын тиімді өткізіп, халыққа толыққанды мәдени қызмет көрсетуде заман талабына сай көпшілік іс-шараларды өз деңгейінде өткізуде. Ауылдағы ағайынның, жастардың бос уақытын тиімді ұйымдастыру мақсатында аталмыш өнер ошағының атқарып жатқан жұмыстары туралы клуб үйінің меңгерушісі

бабалар мұрасын дәріптеуде түрлі тағалымды шаралар өткізіп келеді.

Қолөнер біздің ұлтымызда бағзыдан бар. Көшпелі тұрмыс кешкен бабаларымыздың артына қалдырған құнды мұраларының бірі осы қолөнер және ол күні бүгінге дейін ұрпақтан-ұрпаққа жалғасып келе жатыр. Клуб үйінің

ауыл клубында қарттар күніне орай іс-шаралар өтті.

Мәдениет – өркениеттің бастауы. Сондықтан, біздің ойымыздағы елдік мүдденің басында осы мәдениетімізді өркендету жұмыстары тұруы тиіс және біз ұжым болып сол мақсатта тынымсыз еңбек етіп келе жатырмыз.



өнер шоқтығында жатыр десек болады.

Елімізде бұл салаға жақсы бетбұрыс жасалып жатыр. Ауданның өзінде көптеген елді мекендегі клуб үйлері заманға сай жаңарып, жасақталып және олар өте жоғары деңгейде жұмыс істеп, жетістіктерге қол жеткізіп келеді. Солардың бірі – Тасарал ауылдық клубы. Зәулім ғимараттың сырты көзінді тойдырып, ішкі жұмыстары көңі-лінді тоғайтады. Клуб үйінің ірге тасы сонау 1937 жылы қаланған. 1959-1965 жылдары клуб үйінің меңгерушісі, әрі киномеханик болып Аманқұлов Әкімин деген азамат жұмыс істесе, 1965-1971 жылдары клуб меңгерушісі Әбдраев Аман, 1971-1979 жылдары арасында Шөженов Аман,

жері өнер адамдарынан құр алақан емес. Суырып салма ақын Қазі Сәулебеков, әуесқой сазгер-ақын Көбен Бекмағанбетов, Ағлипа Қасенова, елімізге белгілі әуесқой сазгер Наурызбай Бейсекеев, әуесқой ақын, асаба Мейрам Аймағанбетов дүниеге келген.

Біздің бабаларымыздан қалған ұлттық құндылығымыз бен жауһарымыз, қымбат қазынамыздың бірі – асыл сөз. Қазақ үшін сөздің құны сұралған. Қазақ сөзге тоқтаған. Қылыш шешпеген дауды, бір ауыз сөз шешкен. Сонымен бірге, сөз өнерін қазақта құрметтеген, дәріптеген халық жоқ. Сондықтан, сол бабалар қалдырған асыл мұрамызды сақтап қалу біздің міндетіміз. Осы орайда клуб үйі шешендік, сөз өнері,



ұйытқы болуымен ауылдың қолөнер шеберлері аудандық байқаулардан жүлделі орын иеленіп жүр. Клуб үйінде келіндер сайысы, «Адамзаттың асылы ана», «Қош келдің, өз Наурыз» атты мерекелік шаралар ұйымдастырылады. Сонымен бірге ауыл тұрғындарымен өнерпаздарының қандай да бір шараларға белсене қатысуы да ауыл мәдениетінің деңгейін көрсетеді.

«Қарты бар елдің қазынасы бар». Рас. Қарты, қариясы бар елдің береке-бірлігі болады. Кейінгі буын өкілдері алдындағы аға буынға қарап бой түзейді. Арбаның алдыңғы дөңгелегінен түскен ізді артқы дөңгелегі деп басады. Сондықтан, жастарға қашанда ардагерлер үлгі, өнеге, жол көрсетуші, бағыт сілтеуші, ақыл беруші. Қай кезде де халқымыз ардагерлер институтын іске қосып, оны ұлттық тәрбиенің бір тетігіне айналдырып отырған және бұл қазіргі біздің қоғамға аса қажет. Міне,

Біз саланың өркендеуіне қызмет етсек, мәдениет – ұлт руханиятына қызмет етеді. Ауылдық клубтар талай өнерпаздарды тәрбиелеп шығарды. Бүгінде республикаға танымал өнер өкілдерінің көбі ең алғаш осындай

ауылдық клубтардан бойындағы өнерін шыңдаған. Ауыл клубында тек іс-шара ғана өтпейді, жас өнерпаздарды өнерге баулып жатырмыз. Жыл сайын ауылдағы мәдениет ошағының тынысы кеңейіп, мазмұнды, мәнді, ұлт мәдениетін өркендету жолында игілікті жұмыстар атқарып келеміз, – дейді.

Руханиятымыздың алтын қазығы, қазақ халқының ғасырлар бойы қалыптасқан әдет-ғұрпы, салт-дәстүрі, мәдениеті мен өнері екендігі көпке белгілі. Тек үлкен қала орталықтарында ғана емес, шалғайдағы ауылдардың мәдениеті мен өнерінің жаңғыруы сондағы клубтар мен мәдениет үйлеріне тікелей қатысты. Қорыта айтқанда, ауыл мәдениетінің бүгінгі жай-күйі, дамуы назардан тыс қалмайды. Десе де, оның күннен күнге өсіп-өркендеуі жолында еңбек ету – ертеңгі ұрпақ пен болашақ үшін екендігін ұмытпаған жөн.

* Кәсібің – нәсібің

Талаптыға табыс көп

Қазақта «қолы қимылдағанның, аузы қимылдайды» деген бар. Яғни, өз қолыңмен тірлік істесең, тамағың тоқ болатынын меңзесе керек. Ол рас. Ақтоғай ауданында кәсіптің кө-

зін тауып, тындырымды тірлік етіп отырған отбасылар жетерлік. Бүгін біздің қозғағалы отырған тақырып – Президент Жолдауынан туындаған басым бағыттың бірі – шағын және орта кәсіпкерлікті дамыту. Оның ішінде, отбасылық бизнестің көкжиегін кеңейту. Жасыратыны жоқ, бүгінде аудан орталығымен қоса, ауыл-аймақта да кәсіпкерліктің көкжиегі кеңейуде. Ал, бүгінде заман талабына орай жеке кәсіпін ашып, ер азаматтармен бірдей еңбек етіп жүрген қыз-келіншектер де аз емес. Солардың бірі Тасарал ауылының кәсіпкері Жанна Кульбаева.

Ауданымыздың оңтүстік аймағы Балқаш өңіріне барған іс сапарымыз барысында Тасарал ауылының хал-ахуалымен танысып, жас кәсіпкерге жолыққан болатынбыз.

Жанна Шымкент қаласында орта мектепті үздік бағамен бітіріп, Қарағанды мемлекеттік университетіне 2010 оқу түседі. 2015 жылы тасаралдық Айдын Рахимбаев деген азаматпен бас құрап, балықшы ауылға келін болып түсті. Алланың берген ұл-қыздары өсіріп отыр. Жолдасы

Айдын ақ айдыңға ау құрып, несібесін көлден айырған балықшы. Жастайынан еңбекке жаны құмар, қол қусырып қарап отыру табиғатында жоқ Жанна осыдан аз жыл бұрын өз қаражатымен



ауыл орталығынан әмбебап дүкенін ашқан болатын. Талаптыға табыс көп демекші кәсіпкерлігін кеңейту мақсатында қоғамдық монша ашып, халық игілігіне қызмет етуде. Биыл жастардың жарқын бастамасын қолдау мақсатында берілетін аудан әкімінің 1 млн теңге қайтарымсыз грантынан ұтып алды. Жастайынан кәсіп ашуды армандаған маманның ісі берекелі.

– Дана қазақ «еңбекпен тапқан нан тәтті»

дейді. Бұл нақылдың астарында таудай тәмсіл жатыр. Адам талтынбай жетістікке жетпейіні ақиқат. Кәсіп ету үшін адамға бірқатар қабілет керек. Ол ұйымдастыра білу қажет, үнемді

іздену керек. Айтпақшы, бұл тұрғыда бастағалы отырған кәсіпті дұрыс таңдай білу де, нарық экономикасын жан-жақты зерттеу мен тұтынушының өнімге деген сұранысын бағалау да маңызды екенін естен шығармаған абзал. Басында, әрине, қорқыныш сезімі болғаны жасырын емес. Талпындым. Еңбек еттім. Нәтижесі жаман емес. Алға қойған мақсатым көп, – дейді жас кәсіпкер.

Иә, қашанда еңбек еткен адамның еңсесі биік. Байқайсыз ба, істің көзін тауып, кәсіпін өрістетіп жатқандардың жоспары да, алдыға қойған мақсаты да айқын. Өйткені, олар өзіне сенеді. Мемлекеттің де қолдауы

бар екенін біледі. Яғни, еңбектену қашанда берекет пен ырыздықтың бастауы. Ал, адал кәсіп жасау – адам болмысының туған жер, өсіп-өнген өлкесіне деген азаматтық ұстанымын қалыптастырады. Осындай туған өлкенің кәдесіне жарарлық кәсіп жасап, бұқараның алғысын алып отырған тасаралдық Абылбековтер отбасының қарекеті көпке үлгі.

Думан ҚАБЫЛ.

Ынтымағы жарасқан берекелі мекен

Ауыл – қазақтың күретамыры. Ұлттық құндылықтың ошағы да ауылдан бастау алады емес пе?! Салт-дәстүр мен мәдениеттің сарқылмас мол мұрасы да ауылда. Иә, қазақты ауылсыз елестету мүмкін емес. Мұны ескерген мемлекет те ауыл мәселесін естен шығарған емес. Оған мемлекеттің экономикалық, әлеуметтік дамуын, әлеуетін көтеру бағытында қабылдап отырған

басы толығымен бірдейлендіріліп эпизоотиялық ауруларға қарсы, қан сынамалары алынып, жұқпалы аурулардың алдын алу шаралары ұйымдастырылған.

Ауыл басшысы Қ.Бакиров:–Елді мекенде халыққа қызмет көрсету орталықтары мәдениет үйі, кітапхана, байланыс бөлімдері жұмыстарын атқаруда. Көктем мезгілдерінде тазалықтың екі

ауылға көшіп келетін отбасыларға арнап 4 пәтер жөнделді. Мектептің ағымдағы жөндеуіне қаржылай және қолдай көмек көрсетілді. Сонымен қатар ауылға шағын футбол алаңы салынды.

Ауылдың екі көшесіне көше жарықтарын трансформаторымен орнатылып, әкімшіліктің екіқабатты ескі ғимаратын мемлекеттік бағдарламамен қоныс аударушыларға қызметтік тұрғын үй ретінде пайдалануға ағымды жөндеуден өткізілді. Ауыл іші көшелерінің жолдарды ағымды жөндеуден өтті.

Айыртас ауылдық округінде қазіргі таңда 198 адам тұрады. 2022 жылы ауылымызға 4 отбасы көшіріліп әкелінді. 3 отбасы көші-қон бағдарламасымен келіп, мамандығы бойынша квота алып жұмыстарын атқаруда. Ауылымызда «Айыртас қоғамдық қоры» құрылып, сол қордың есебінен қоныс аударып келген отбасыларға 6 айға дейін 50 000тг ақшалай көмек және бала санына қарай ірі қара малы, қыстық

КММ деп аталады. Мектепте 10 бала білімалыпжатыр. Білімалуға қажетті барлық құрал-жабдықтармен қамтылған. «Айыртас бастауыш мектебі» КММ-нің директорының міндетін атқарушы Нығыманова Жанара Тореханқызы.

Айыртас ауылдық округіне өткен жылы Сәметова Жанат Нағашыбекқызы медбикі болып жұмысқа орналасты. Штаттық кесте бойынша 1 медбикі, 1 тазалықшы жұмыс істейді. Ауыл бойынша 98 адам Ақтоғай аудандық орталық ауруханасында тіркеуде тұр, оның ішінде 15 жасөспірім балалар. Балалар арасында диспансерлік есепте тұратын бала жоқ. Ересектер арасында 11 адам диспансерлік есепте тұр. Диспансерлік есепте тұрған адамдар тегін дәрі-дәрмектермен қамтамасыз етіліп отыр. Биылғы жылы жылжымалы дәріхана 2 рет келіп халықты өзіне қажетті дәрі-дәрімектермен қамтамасыз етті.

Ауылда әр мереке сайын спорттық жарыстар өтіп отырады. Наурыз мерекесінде ерлер мен әйелдер арасында қол күресінен, стол теннисінен, дартстан жарыс өтті. Ерлер арасында мойын тартыс, ләңгі және кір тасын көтеруден сайыс өтті. Отан қорғаушылар күнінде арқан тартыс, Республика күнінде ауыл тұрғындары мен мектеп оқушылары арасында көңілді старт жарысы өтті. Ауыл біріншілігінде 8 спорт түрінен жарыс өтті, 108 адам қатысты. Аудан біріншілігіне ауылдан 2 спортшы қатысып, 1 спортшы стол теннисінен 1-орын алды. Аудандық спартакиада үстел теннисінен 2 спортшы қатысып, 1 және 3-орын иеленді. Ауылымызға 2022 жылы футбол алаңы салынды. Алдағы уақытта жоспар бойынша



бағдарламалар айқын айғақ бола алады. Ақтоғай ауданына қарасты Айыртас ауылдық округі бүгінде біршама дамудың даңғыл жолына түсіп келеді. Берекесі мен ырысы артқан, ынтымағы жарасқан, әлеуметтің тұрмысы түлеген Айыртастың негізгі кәсіп көзі мал шаруашылығы. Бүгінгі мақаламыз бірлігі бекем осы ауылдың бүгінгі тұрмысы туралы болмақ. Түгін тартсаң майы шығатын шөбі шүйгін, төрт түліктің қай түрін ұстасаң да жайлы, шұрайлы мекеннің мал шаруашылығы бойынша нақты сандарға тоқталып өтетін болсақ, ауылдық округте 18 шаруа қожалығы мен 1 «Бәйтерек агро» ЖШС-і жұмыс істеп тұр. Осы шаруашылықтардағы мал саны ірі қара–2381 бас, жылқы–1922 бас, ұсақ мал саны–3301 басқа жеткен. Айыртас ауылдық округі әкімі Қанат Бакировтың бізге берген мәліметіне сүйенсек тұқымдық түрлендіруге округ бойынша «Қаһарман», «Қуаныш» шаруа қожалықтары қатысуда. «Қаһарман», «Қуаныш» шаруа қожалықтары АПХ «Сарыарқадан» жалға 6 бас абердин-ангус тұқымды аталық малдарды жалға алып табынға қосса, «Ерасыл» шаруа қожалығы мен «Бәйтерек агро» ЖШС-і «Асыл түлік» фирмасымен жалпы құны 835 мың тг келісімге отырып, 145 бас геррефорд тұқымды аналықтарды қолмен ұрықтандырған. Ауыл халқына арнап ауылдың территориясына қосымша 10 мың га жер қосылып, жері заңға сәйкес рәсімделіпті.



айлығында сенбіліктері мен бейсенбіліктер тұрақты түрде жүргізіліп отырды. Көгалдандыру жұмыстары жүргізілді. Әр аула иесі қыстайғы күл-қоқыстарын арнайы орынға төгу қалыптасқан. Сонымен қатар бюджеттен бөлінген қаржыға ауылдың ішіндегі иесіз жатқан күл-қоқыстар тазаланып, қоқыс полигонының орыны жинақыланды.

Көктем айларында Қарағанды қаласында орналасқан «Озеленитель» фирмасынан 30 түп әртүрлі талдар отырғызылды. Сонымен қатар гүлзарларға гүлдер егілді. Телефон байланысы тұрақты жұмыс жасап тұр. Қызмет көрсету сапасы жоғары деңгейде. АТС-те бүгінгі күні ауыл тұрғындары, мекемелер бойынша 40-нүкте тіркелген. Жарық сөнген жағдайда байланысты ұстап тұруға қажетті жанар-жағармаймен толық қамтамасыз етілген. Айыртас – Нарманбет көтерме жолының қауіпті 2 учаскесіне арнайы белгілер қойылып, бүгінгі күні ауыл тұрғындарына, мекемелерге электр жарығы мен ауызсу үздіксіз берілуде. Өткен жылы «Айыртас қоғамдық қорының» көмегімен



отын-суы, соғымы, балаларын бір жылға мектепке дайындау (мектеп киімдері мен аяқ киім, оқу құралдары т.б) және тұрғын үймен қамтамасыз етіліп отыр. Алдағы уақыттағы мақсат ауылымыздағы ескі тұрғын үйлерді жөндеуден өткізіп, көші-қонды тоқтатпау.

2022 жылы 1 қыркүйекте ауылымызда жабылып қалған мектеп қайтадан ашылды. Қазіргі таңда «Айыртас бастауыш мектебі»

ауыр атлетика залын жөндеп іске қосу.

Әр мереке сайын ауылымызда әр тақырыпта іс-шаралар өтеді. Ауылдық клуб үйінің ұйымдастырған аналар сайысы, дөңгелек үстел, оқушылар арасында жігіт сұлтаны сайысы, жасқанат сайысы, бүлдіршіндер арасында өлең-тақпақтар сайысы ауыл тұрғындарына мерекелік көңіл-күй

(Жалғасы 10-бетте).

**Жаңа Қазақстан: жаңару мен жаңғыру жолы*

«Ұлтына, жұртына қызмет ету – білімнен емес, мінезден»

Мемлекеттік қызмет – бұл барлық мемлекеттік басқаруды ұйымдастырудағы жетекші ролді атқаратын мемлекет жүйесінің ең маңызды тетіктерінің бірі. Кез-келген қоғам мемлекеттік басқарусыз, яғни мемлекеттік қызметшілерсіз әрекет етуі мүмкін емес. Билікке деген сенім қазіргі қоғамның талаптарына сай мемлекеттік қызметшіден басталады. Ал мемлекеттік қызметшілердің адал және тиімді жұмысы еліміздің дамуына оң әсер етеді. Мемлекеттік қызметші өзінің тікелей міндеттерін орындаудан басқа, отбасында, кез-келген ортада үлгі болуы тиіс. Бұл – біздің еліміздің мемлекеттік қызметшіге қойған нақты талаптары.

Таяуда Абай ауылдық округіне барған іссапарымыз барысында жас мемлекеттік қызметші, Абай ауылдық округі әкімі аппаратының бас маманы Қалижан Ержан Төлеуұлына жолығып, әңгімеге тартқан едік.

Айта кетейік, Ержан Төлеуұлы 1996 жылы Қарағанды облысы Ақтоғай ауданында дүниеге келген. 2012 жылы Балқаш қалалық №8 орта мектебін ойдағыдай аяқтап, 2012

жұмыс маған тәжірибе жинауға, жауапкершілікті арттыру, шешім қабылдауды үйрену, ұқыптылық, мұқияттылық секілді қасиеттерді дамытуды үйретті. Өз еліміздің гүлдену жолында қызмет ету мен үшін үлкен мақтаным және абырой деп білемін. Мемлекеттік қызмет қашанда мінсіз болуы тиіс. Себебі, елдің ертеңі бізге байланысты. Бір сөзбен айтқанда, билік пен қарапайым халық арасын жалғайтын алтын көпірге айналуы тиісті. Менің ойымша, мемлекеттік қызметші тек білімді ғана емес, жоғары моральдық жауапкершілік пен өз ісіне



жылы Балқаш көпсалалы колледжіне оқуға түседі. Аталған оқу орнынан «Ғимараттар құрылысы және пайдалану» мамандығы бойынша білім алады. 2016 жылы «IT Engineering SA» компаниясында халықаралық мамандандырылған көрме ЭКСПО-2017 объектісінде бас инженер-компьютерлік болып еңбек жолын бастайды. Жұмыс істеп жүріп 2021 жылы «Әбілқас Сағынов атындағы Қарағанды техникалық университетін» бітіріп «Құрылыс» мамандығы бойынша диплом алады.

2019-2021 жылдар аралығында «IT Engineering SA» компаниясында баға бөлімінің меңгерушісі болып қызмет атқарды. 2021 жылдан 2023 жылға дейін ТОО «Астана-Жобалау» компаниясында Жоба инженері болып жұмыс жасайды. Үстіміздегі жылдың маусым айынан бастап «Абай ауылдық округі әкімінің аппараты» ММ-нің бас маманы болып жұмыс атқаруда.

Колледж, университет қабырғасында студент кезінде қоғамдық іс-шаралар мен жарыстарға белсене атсалысып, университет басшылығының алғыс хаттарымен және үздік дипломмен марапатталған.

–Халыққа қызмет ететін адамдардың адалдығы және әділдігі, өз жұмысына деген жауапкершілігі, қоғам мен азаматтардың сенімін туғызуы – әрбір мемлекеттік қызметкердің міндеті. Ауыл әкімі аппаратында еңбек тәжірибесінен өтіп, шыңдалып келемін. Бұл

деген әділдік, адалдық, адамгершілік қасиеттері қаеидаларын қатаң ұстануы қажет, – дейді жас маман.

«Ұлтына, жұртына қызмет ету – білімнен емес, мінезден», – деп Алаш арысы Әлихан Бөкейхан айтқандай, жастарымыз ел мүддесінің үдесінен шығуды алдына миссия ретінде қоя алса, әркім өзі қызмет етіп жүрген салада үздік, білікті маман болса, елдің де келешегі кемел болары хақ.

«Мен мемлекеттік қызметкер ретінде өзіме артылатын жүк пен жауапкершіліктің жоғары екенін білемін. Осыған орай, бойымдағы бар білімім мен тәжірибемді пайдалана отырып, өз міндетімді адал, абыроймен атқаруға тырысамын» деген ұстанымы берік Ержан Төлеуұлы әңгіме барысында туған жерінің өсіп-өркендеуі жолында қызмет етіп, өзінің тамшыдай болсын септігі тиіп жүргеніне қуанатынын тілге тиек етті.

Адам жеке тұлға ретінде өзін-өзі тұрақты жетілдіріп, алға ұмтылып отыруы қажет. Бұл ретте, қай салада еңбек етсек те, кейін соңымыздан өзіміз ұял-майтындай, үлгі боларлық із қалдырғанымыз абзал. Ауылда қызмет етіп жүрген жас маман Төлеуұлы елде туып, қазақ елінің перзенті болғанын мақтан етеді. Қазақстанның жарқын болашағына, тың мақсаттарына азат оймен, кемел біліммен құлаш ұрған осындай бақытты ұрпақтың өкілдері еліміздің әр түкпірінде көбейе берсін.

Думан Амангелдіұлы,
Абай ауылы.

**Президент тапсырмасын орындай отырып...*

Жемқорлық – індет, оны жою – міндет

«Мәңгілік ел» идеясын іске асырудағы шаралардың бірі – сыбайлас жемқорлықпен күрес мәселесі. Ол ұлт жоспарын іске асырудағы 100 нақты қадамында да көрініс тапты. Өйткені, жемқорлық – ұлттың қауіпсіздігіне, елдің халықаралық беделіне, азаматтардың конституциялық құқықтары мен бостандықтарына елеулі нұқсан келтіретін қауіпті құбылыс. Сыбайлас жемқорлық індет, оған қарсы күрес міндет деп айтып жүрміз. Ендеше, оның шипасы – халық арасында ағарту, насихат жұмыстарын тереңінен жүргізу екені даусыз. Одан соң байлықты басты құндылық деп адасып жүрген азаматтарымыздың түсінігіне төңкеріс жасау. Біздің қоғам ақниетті, адал, намысы биік азаматтарды қажет етеді. Осы тұста, соңымыздан ерген ұрпақ тәрбиесін де ұмыт қалдырмауымыз қажет.

Осы мақсатта Абай ауылдық округі әкімі аппаратының ұйымдастыруымен сыбайлас жемқорлықтың алдын алу және сыбайлас жемқорлыққа жол жоқ шарасы аясында елді мекен жастарымен кездесу өтті.

–Елімізде жемқорлықты жою бағытында түрлі бағдарламалар жүзеге

асырылып жатыр. Тек біз ғана емес әлемдегі өркениетті елдердің бәрі үшін сыбайлас жемқорлықпен күрес ең өзекті мәселенің бірі болып табылады.



Бір сөзбен айтқанда, жемқорлықпен күрес ең алдымен адами фактордың таным-түсінігіне, рухани кемелділігіне де байланысты, – дейді іс-шараны ұйымдастырушылар.

Кездесу барысында жастарға мемлекеттік қызметтің имиджін көтеру мақсатында Абай ауылдық округі әкімінің аппараты мемлекеттік мекемесінің атқарып отырған қызметі таныстырылып, мол мағлұматтар берілді.

Ә.Мақсұтова,
Абай ауылдық клуб үйінің
меңгерушісі

Ынтымағы жарасқан берекелі мекен

(Соңы. Басы 9-бетте).

сыйлауда. Алдағы уақытқа «Ауылым – алтын бесігім» атты көрме және «Қазағымның салт-дәстүрін сақтаған» оралмандар арасында қолөнер байқауын өткізуді жоспарлап отыр. Ауыл кітапханасы 2000 жылдан бері жұмыс істейді. Кітапхана әкімшілік ғимаратында орналасқан. Қорда бар кітап – 6524. Мерзімді басылымдардан 28 түрлі газет-журналдар оқырмандарға ұсынылды.

Жалпы ауылдық округтің бюджеті 35840 мың теңге құрады. Салықтық түсімдер жалпы 11368 мың теңге. Табиғи және басқа ресурстарды пайдаланғаны үшін 10697 мың теңге. Бірыңғай жер салығы 200 мың теңгені құрады – дейді.

«Патриотизм кіндік қаның тамған жеріңе, өскен ауылыңа, қалаң мен өңіріңе, яғни туған жеріңе деген сүйіспеншіліктен басталады». «Рухани жаңғыру», «Туған жерге туыңды тік» бағдарламалары негізінде айырмашылықтар бірқатар жобаларды жүзеге асырған. Ауылды көркейту, дамыту мақсатында «Айыртас қоғамдық қорының» көмегімен интернет желісі тартылды. Интернет желісін тартуға қажетті мұнаралар екі жерден қойылыпты. Жалпы құны 6,5 млн теңге. Туған ауылының көркеюіне ат салысқан 1965 жылғы ауыл тумалары елді мекендегі бос, қирап

қалған үйлердің орнын тазартса, 1983 жылғы туған азаматтар ауылымызға демалыс орнын жасап берген. 1975 жылғы туған азаматтар жастарға алтыбақан тарту етті. Сонымен қатар ауыл мектебін қайта ашу үшін аталған қордың есебінен көмек беруге арнайы бағдарлама жасалынып, көшіп келген отбасылардың тұратын үйлерін жөндеу жұмыстары осы қордың есебінен жүргізіліп жатыр.

Сайып келгенде, айырмашылықтар жасап жатқан игі бастамалары алтын бесігі, түп тамыры болып есептелетін ауылдарының мерейін үстем етіп, мәртебесін биіктетер шаралар екені түсінікті. Қалай десек те, бүтін бір округтің тарихын, азаматтарының ерен еңбегін, әлеуметтік-экономикалық жаңғыруын бір газеттің көлеміне сыйғызу мүмкін емес. Бірақ, ауыл тұрғындарының тыныс-тіршілігін, тұрмыс салты мен өңірдің көркеюі жолында атқарған тындырымды істерін үлгі ету – біздің парызымыз. Бүгінде Айыртас округі берекелі бірлігі жарасқан тұрғындардың құт мекені. Кеңес үкіметі тұсында қалыптасқан даму принципі әлі күнге жүйелі жалғасып, ауданымыздағы шаруашылығы шалқыған округтердің қатарында келеді.

Д. Қабыл,
Айыртас ауылы.

Рухани жаңғыру

«Арғынмын, атым Әсет арындаған...»

(Соны Басы газеттің 25 тамыз 2023 жылғы №35 (7924) санында)

Әсет Найманбайұлы – танымал айтыс ақыны. Әсеттің айтыскерлік қыры тым ерте жұртқа танылғанын Ырысжан қызбен айтысынан білеміз. Екі ақын бір-бірімен өлең сөзбен қарпыса келе, жас сұрасуға көшеді.

Сонда Ырысжан ақын:
– Қой, Әсаға, осы сөзден адасалық,
Аз ғана ақыл сөзбен жанасалық.
Біреу үлкен, біреуіміз кіші болмай,
Кел, енді жасымызды санасалық, – дегенде Әсет қызға алдымен өз жасыңды айт дегенге келтіреді. Сонда Ырысжан қыз өзінің он алтыдан он жетіге шығатынын айтады. Әсет сонда былай деп жырлайды:

– Тағады теңге-шашбау қыз артына,
Жаққанмын жас күнімнен өз халқыма.
Ырысжан, ынтаммен сырласайық,
Шығып ем он бесімнен он алтыға, – дейді. Демек, екі ақын айтысқан уақыты 1882-83 жылдары деп шамалауға болады. Екі ақын саяси-әлеуметтік мәселелермен қатар, жұмбақ айтысқа кеңінен орын береді. Көбінесе Ырысжан жұмбақтап, Әсет шешіп отырады. Ақыры Әсет Ырысжан ақынға былай дейді:

– Бұл бір оңай жұмбақ қой көңілдегі,
Дұрыс па қыздан Әсет жеңілмегі?
Арғын, найман, алты арыс, уақ, керей,
Сап жүйрікпін Сарыарқа өңірдегі.
Адамның бар дежесін жұмбақ қылып,
Қалды ғой енді әкеңнің кеңірдегі?
Ақыры бұл жұмбақ айтыста еш мүдірмеген, сөзден сүрінбеген Әсет ақын жеңіске жетіп, қыздың орамалға түйілген алтын жүзігіне ие болады. Әсет – эпик ақын. Ақынның Тарбағатай, Алтай, Алатауды мекендеген күллі қазаққа танымал болған «Салиха-Сәмен» және «Пушкин», «Ағаш ат», «Үш жетім», т.б. поэмалары мен дастандары бар.

«Қысмет», «Әсет», «Қаракөз», «Інжу-маржан» секілді қазақ ән өнерінің жауһары қатарына енген ерекше өндері Әсет Найманбайұлының шығармашылық әлуетін танытады. Әсет Найманбайұлының ақындық әлуетін, өз тұсындағы жаңашылдығын анық аңдаған қытай қазақтарының «Әсет – екінші Абай» деп бағалауы бекер емес. Әсеттің өншілігіне қоса, өн өлендеріндегі екпін мен ырғақ, сөз қолданыстың өзі бір ғажап! Бұл – қазақ поэзиясының Құлагер тағдырлы дүлдүлі Ілияс Жансүгіровтің шығармашылығына қозғау салып, өнер адамдары туралы тамаша туындылар жазуына дем болған деуге негіз бар. Ілияс туындысы мен Әсет өнінін сөз қолданыс лебі мүлде жымдасып кеткенін көреміз:

«Ән салсаң, Әсеттей сал әсемдетіп,
Қоздырып, делебені дәсерлетіп.
Шырақатып, шығандатып, шалықтатып,
Шапшытып, шүмектетіп, нөсерлетіп.
Талдырып, талықсытып, тамылжытып,
Орғытып, орағытып, басқа өрлетіп.
Самғатып, саңқылдатып, сар желгізіп,
Ұрынтып, өршелентіп, бәсендетіп...».

Қазақ тіл білімі ғылымында «көсемше» аталған етістіктің түрі арқылы ән салудағы өншінің көңіл-күйін, шабыттануын, шырмау тәсілін, тыңдаушыға жеткізу қалыптарын «көсемшелей» отырып, қандай ғажап жеткізгеніне тәнті болмасқа еш амал жоқ.

Серпіліп, сұмандатып, сексен ырғап,
Қырық қарып, тоқсан толғап, бес өрлетіп.
Қарқынды үн қан қайнатып, жүрек жұлып,
Жан жалмап, көңіл тербеп, әсерлетіп.
Сүйе бер, суырылтам өн сұлуын,
Тілің бад, сілекейің шекерлетіп.
Сарайым – саба құям, пісіп-пісіп,
Қойдырман өн қымызын ой керетіп.
Сөз – жанбыр, даусым – дауыл, өнім – ескек,
Ойнақтап басылайын аз желдетіп.

Осындағы асқан динамиканы, әсерлеу мен көркемдеудің небір шешендік қолданыстарын айтып тауысу мүмкін емес. Айтушы мен тыңдаушының арасындағы байланысқа құрылған саз бен әуеннің ғажап үйлесімді сөтін бұдан артық қалай жеткізуге болады? «Құлақтан кіріп бойды алар, әсем өн мен тәтті күй» дейтін Абай айтқан халді шырмау шыңырау өн арқылы лапылдата, лықсыта отырып жеткізу – Әсеттей өн падишасының қолынан келетін психологиялық қалып-күй.

Әсет шығармашылығына Абайдың ықпал, әсері ретінде біз оның көлемді романдарды аударуға талпынысынан аңғарамыз. Бұл – Абай айналасына тән құбылыс болатын. Әсет те осы үрдіспен орыстың әйгілі ақыны А.С.Пушкиннің «Евгений Онегин» романын қазақ тіліне аударды.

Әсет Найманбайұлының 1923 жылы Құлжа қаласында қайтыс болғаны туралы өмірбаянында айтылады. Елудің дәл ортасына келіп, шығармашылық әлуеті нағыз кемеліне келген шағында қапияда болжаусыз жеткен ажалға тап болады.

Ертең жазып, бүрсікүн бітірем деп,
Баянсыз тіршілікке сенуменен.
Қатын-бала асырау амалында,
Кеттім-ау үнем көңіл бөлүменен.
Менен сорлы ақын да өтті ме екен,
Бір сөзі баспа орнына берілмеген.
Осыменен өмір бітті, дем таусылды,

Ішімде көп сөз кетті-ау терілмеген.
Тіршілікте әрекет етпеген соң,
Сүйектен не шығады кебіндеген, – деп өкініштен өзегі өртеле жырлаған ақынның ажалы мүсәтір (аммоний хлориді) дәрісі деп абайсызда ішкен улы алмас (сулема) дәрісінен келеді:

– Үйінде Қапаридің жатып алдым,
Алмасты мүсәтір деп татып салдым.
Ажалды Алла маған бергені жоқ,
Құлжадан бес теңгеге сатып алдым.
Өлімді ойламаған жазған басым,
Дүрмекке елітіп жүріп, қапы қалдым.
Өрнекті өлеңімнің гүлі қурап,
Сөгілген ескі етіктей қақырадым.
Ел-жұртым, коштасатын мезгіл жетті,
Найман ел, жалпақ үйсін, қалың арғын.
Әсет Найманбайұлының бұл өлеңі 1923 жылы жетінші айдың жиырма үшінде Көкқамыр жайлауында жазылған екен. Өзінің ажалы жетер мезетін де осылайша өлеңмен өрнектеген өршіл ақын, асқақ өнші осы арада өмірден өтеді.

«Ұраным Арғын Шордан Қаракесек, болмайды адалдыққа арам есеп», – деп жырлаған ақынның өлендерінің мазмұны әділет пен адалдық, елшілік пен тектілік сияқты жақсы қасиеттерді ұлықтау, адам бойындағы жаман әдет-қылықтардан жирену болып келетінін көреміз.

Ақылдының сөзінде жұпары бар,
Ғылыммен тән тазарып жанданады.
Оқудың түзетпейтін адамы жоқ,
Қаранғы мінбарларға шам жанады.
Ақылды – аз ашулы, көп пікірлі,
Пайдалы насихатты аңғартады.
Жаманның көрпесінің өлшеуі жоқ,
Әлбетте, артын білмей панданады.
Аман жұрт бір айыптан табылар ма,
Ақыл көзбен қарасақ, хан-қараны.
Білімдінің азығы – шикі надан,
Оқымай қайдан жазсын бұл жараны.

Әсет – «білімдінің күні ғаріп, білімсіздің күні ғаріп» деген қағиданы нық ұстаған ағартушы тұлға. Әсеттің арғы беттегі ағартушылық қыры туралы алдағы уақытта әлі де зерттеулер жүргізіп, сан қырлы тұлғаның өмірдерек қорын байыта түсуге үлкен мүмкіндік бар деп білеміз. Әсет өлендерінде қазақ қоғамындағы көлеңкелі тұстарын аяусыз шенеу бар. Әсіресе, ғасырлар бойы билік құрып келген төрелер институтындағы «ата данқымен қыз өтер, мата данқымен боз өтер» деген жағдаймен біліксізді билікке қоюды Әсет сынға алады:

– Төрені түк білмейтін сұлтан қойып,
Көргендер білгендермен теңеле ме?
Хабарсыз қара көңіл қазағым-ай,
Еріксіз билік беріп, сол немеге?

Ақын – өз дәуірінің қуанышы мен қайғысының, жақсылығы мен жамандығының тамыршысы. Әсет заманы – тек қазақ қоғамы ғана емес, дүниежүзінде алуан түрлі төңкерістер мен соғыстар, өзге де алапат оқиғалар орын алған кезең. Қай заман болмасын, сауда қатынасы ебін тауып ел ішінде қанат жайып отырғаны белгілі. Араны ашылған өсімқор саудагерлердің ашкөздігі жайлы Әсет ақын былай дейді:

– Сарт, ноғай саудагер бар базардағы,
Ол-дағы қараңғы елге тажал дағы.
Ойламай бір теңгеге бір қой алып,
Халықтың ебін тапты олар-дағы.
Бір теңгеге он теңге вексель жасап,
Халықтың қанын сорды-ау болар дағы.

Әсеттің атақ-данқы негізінен өзінің орындау кез келген өншінің қолынан келе бермейтін «Қысмет» сияқты шырмау биік немесе ойлы лирикаға құрылған «Інжу-маржан», «Мақпал» сынды өндерімен дүйім қазаққа белгілі болды дегенімізбен, бізге жеткен өлендеріне қарап, ақындық қуатының да осал болмағанын аңдаймыз. Әсеттің тілі бай, ойы жүйрік, көркем сөздің небір өрнегін еркін кестелей біледі. «Өлді деуге бола ма, ойландаршы, Өлмейтұғын артына сөз қалдырған» – деп Абайдың айтатынындай, Әсет те өлмес өндерімен қатар, өлмес сөз қалдырған талантты ақын. Әсеттің тым ертеден Абай шығармашылығына ден қойғаны, 1889-1891 жылдары Абайдың жанында, ақын шәкірттерінің қатарында болғаны туралы зерттеушілер жазады. Байқаусызда дәрі деп ойлап, у ішіп алғаннан кейінгі шарасыз халдегі Әсеттің соңғы сөзі, арманы сонына Абайдай асыл сөз қалдыра алмағандығы болыпты. Алайда, бұл шығармашылық адамының өрқашан өзіне көңілі толмайтын сыни қасиетінің көрінісі болса керек.

«Болжаусыз осы екен ғой өлім деген,
Күн бұрын көзге келіп көрінбеген.
Артыма сөз қалдырмай ала кеттім,
Айғайға қайран даусым ерінбеген.
Абайдай арт жағына сөз қалдырып,
Жақсы еді-ау, өттеген-ай, өлу деген».

Сонына жақсы сөз қалдырмаған немесе қатардағы көп өнші ақындардың бірі болған болса, аты көмескіленіп, немесе мүлде ұмытылған болар еді. Демек, Әсет ақын да «Абайдай арт жағына сөз қалдырып өткен» шығармашылық иесі. Әсеттің сан қырлы таланты туралы айтылып та, жазылып та келеді. Әлі де айтыла да, жазыла да беретіндігі анық.

Мақала «Қазақстан тарихы» порталынан алынды.

Хабарландыру

«Ақтоғай» несие серіктестігі» ЖШС құрылтайшыларының жалпы жиналысы 13.10.2023 жылы сағат 15.00 - де болады.

Күн тәртібінде төменгі мәселелер қаралады:

1. Кредиттік серіктестік (КС) қатысушыларының құқықтары, кредиттік серіктестік қатысушыларының ортақ жауапкершілігі және әлеуетті қатысушыларды КС-тің құрылтай құжаттарымен, «Аграрлық несие корпорациясы» АҚ-ның кредиттік және кепіл құжаттарымен таныстыру.

Құрылтайшылардың жалпы жиналысы Ақтоғай селосы, Ә.Бөкейхан көшесіндегі №10 ғимаратта «Ақтоғай» несие серіктестігі» ЖШС-і мекемесінде өтеді. Құрылтайшылардың жиналысқа толық қатысуы сұралады. Шаруашылығын дамытуға несие аламын деген шаруа қожалықтары мына телефонға хабарласуы керек:

8 (71037) 2-18-21, 2-18-00, 8777 540 34 71.

АБ

Еске алу

Асық атып, асау тайға мінгесіп, бала кезден бірге өскен құрдасымыз Балапан Айбек Абасұлын сағынышпен еске аламыз. Арамызда жүрсе 5 қазан күні Айбектің 30 жасын арқа-жарқа болып тойлар едік. Тағдырдың жазуымен бұл орындалмас арман болып қалды. Жүзінен нұр, күлкісінен мейірім төгіліп тұратын досымыздан қапияда айырыламыз деп ойламаппыз. Қимастық пен сағыныш сезіммен досымызға тыныстаған мекенің жайлы, топырағың мамық, жатқан жерің жарық, жаның жәннатта болсын деп рухына дұға бағыштаймыз.




Сағыныш мұң жүректерді жаныштап, Елес болып кеттің көзден алыстап. Бір Алланың өміріне амал жоқ, Дұға оқимыз артынан Құран бағыштап.

Сағынышпен еске алушылар: сыныптас достары.

Еске алу

Ақтоғай ауылының тумасы, сүйікті ұл, аяулы жар, асқар тау әке, мейірімді бауыр Балапан Айбек Абасұлы арамызда жүрсе 5 қазан күні орда бұзар отызға толар еді. Арамыздан мезгілсіз кеткеніне бес жылдың жүзі болды. «Уақыт емші» десек те, бұл күнде біздің көңілімізде, жүрегіміздің түкпірінде асыл қасиеттерімен сақталған ардақты жанды сағынышпен еске аламыз. Мына жалғанда Айбегіміздің орны қаншалықты қымбат екенін терең ұғындық. Амал не? Тіршілікте көрер қызығы, жетпеген армандары көп еді. Маңдайына қамшының сабындай қысқа ғұмыр жазылған екен. Қолдан келер қайран жоқ, тек бір Алладан медет тілеп, қол жайып дұға бағыштаймыз. Жатқан жері жайлы, топырағы торқа болып, қабіріне Алланың нұры жаусын дейміз.



Сағындырып, сарғайтып мына бізді, Мөңгілік мекен еттің құба белді. Адал жаның жәннатта жай тапсын деп, Еске алып, бағыштаймыз дұғамызды.

Сағына еске алушылар: анасы – Төлү, жары – Ақерке, қызы – Аяла, қарындасы – Аяулым, апа- жезделері.

9 наурыз 2023 жылы Жакыпжанова Бибисара қайтыс болуына байланысты мұралық іс ашылды. Мұрагерлер өзінің мұрагерлік құқығын рәсімдеу үшін Ақтоғай ауданының нотариусы Кишкентаева Саягуль Бекмоллаевнаға, Ақтоғай ауылы, Ә.Бөкейхан көшесі, 19 үй мекен-жайына хабарласуына болады. Тел: 8 705 832 83 06.

Үлкенге құрмет

Қариялар елдің ортасында ақылымен дара болып, өнегелі өмірімен құрметке бөленіп келеді. Қазақтың әр отбасында арқа тұтар ата-әжелері бар. Олардың әрбір айтқан ақылы жас ұрпақтың өсіп-өркендеуіне мол үлес болатыны анық. Ата-әжесі бар үйдің

дастархан жайылып, ардагерлерге құрмет көрсетілді. Ауыл үлкендерін мерекелем құттықтаған ауыл әкімі Ерік Таткенұлы ардагерлеріміздің жүріп өткен жолы елдік пен ерлік жолы екенін айтты. Әділдікті, елдікті, ақиқатты ту еткен әкелеріміз бен



аналарымыздың жүріп өткен осынау өмір жолы жас ұрпақты әрқашан ерлікке, Отанды сүйуге бастайтынын жеткізді. Осы тұрғыда ардагерлеріміздің елдің кемел келешегі үшін еткен жасампаз еңбектері мәңгі жасайтынын да тілге тиек етті.

Иә, 1 қазан – саналы ғұмырында Отан деп

тынымсыз еңбегімен мемлекетіміздің негізін салуға жол ашқан алдыңғы буын ата-әжелеріміздің төл мерекесі. Олардың өмір жолы – бүгінгі ұрпаққа сарқылмас қазына. Әр жас буын қарияларға әркез құрмет көрсетіп, ақыл-кеңес алса, еліміздің алар асуы да, бағындырар белесі де көп болмақ.

Ш.Сақимбаева,
Тасарал ауылдық округі әкімі аппаратының бас маманы.

балалары да өзгеден ерек, қариялардың ыстық алақанынан дәм татып, жауһар сөздерін саналарына сіңіріп өскен олар теріс әдеттерден аулақ болады. Қазақ қартты қазынаға балап, «Ауылыңда қартың болса, жазылып қойған хатпен тең» деп жасы кішілер оларға құрмет көрсеткен.

Бұл үрдіс бүгінге дейін жалғасын тауып келеді. Таяуда Тасарал ауылдық клуб үйінде «Халықаралық қарттар» күніне арнайы

Қазыналы Қарттар спорт доғасында

Дүниеге келер бір рет,
Дария- кеуде, тас мүсін.
Құрыштан құйған құдірет
Қарттарым, аман- саумысың?
Даламның иісі бұрқырап,

Қарттарым, аман-сау жүрші, – деп ақындармыз жырға қосқандай қашанда төрімізден қарттарымыз кетпеген халықпыз ғой. Дәстүр бойынша 1 қазан бүкіл әлемдік қауымдастық Халықаралық қарттар күні деп аталады. Бұл мереке аға ұрпақтың қоғам өміріне қосқан үлесіне шынайы ризашылық білдіретін және ардагерлерге қамқорлық көрсететін күн болып есептеледі. Қарттар күні қарсаңында аудан басындағы ардагерлер үйінде шахматтан жарыс өтті. Аудандық деңгейде шынықтыру және спорт бөлімінің, аудандық ардагерлер ұйымының ұйымдастыруымен өткен спорттық шараны аудандық ардагерлер кеңесінің төрағасы Сәкітай Сыздықов құттықтау сөзімен ашты.

– Үлкенді сыйлау, оларға құрмет көрсету ата-бабадан келе жатқан салтымыз. Ақсақалдарымыздың өмірлік тәжірибесі, ақыл-кеңестері, тәлім-тағлымдары ұрпақ үшін орны бөлек. Қай заманда болмасын қоғамда қарияларға деген құрмет, ізет-ілтипат ерекше болған, олардың даналықтары мен өмірден түйген мол тәжірибесіне ден қойып отырған, – деп сөз сабақтаған С.Сыздықов мереке аясында ұйымдастырылған шараның маңызына тоқталды.

Спорттық бәсекеге Ақтоғай ауылынан жалпы 10 адам қатысты. Доғаға түскен шахматшылар қарсыластарына дес бермей, ойынның көрігін қыздырды. Таңертеңнен кешке озған сайыс қорытындысы бойынша бірінші орын Е.Шарбековке бұйырды. Жүлделі екінші орынды А.Рази еншілесі, жүлделі үшінші орынға ардагер спортшы А.Мұқан табан тіреді. Аудандық деңгейде шынықтыру және спорт бөлімі қариялардың арасынан үздік ойын өрнегін көрсеткен жеңімпаздарды марапаттап, оларға мерекелік сый-сияпат жасады.



Ақтоғай аудандық деңгейде шынықтыру және спорт мектебі.

Құттықтаймыз!

Құрметті Дулат Боранқұлұлы!



Сізді 60 жастың асқарлы шыңына шыққан мерейтойыңызбен шын жүректен құттықтаймыз. Алланың берген жасын жасап, жақынға пейілді, туғанына мейрлі, айналасына сыйлы қалпыңызда жасай беріңіз. Осындай берекелі отбасының ақылшысы, өнегелі ұл-қыз тәрбиелеп өсіріп отырған жанұясыздар. Шанырақтарыңызға шаттық, баянды бақыт, зор денсаулық тілей отырып, өмірдің барлық жақсылыққа толық шақттарын қызықтап, Гуля екеуіңіз бала-шағаларыңыздың қызық-қуаныштарын көре беріңіздер.

Ақ түйенің қарны бүгін жарылсын,
Туған-туыс үйге бүгін ағылсын.
Ақ ниетпен тілеген ақ тілектер,
Періштенің құлағына шалынсын.

Игі тілекпен: анаң – Торғай, Мейрам-Жанна, Жасұлан-Бақыт, Ербол.

Құттықтаймыз!

Құрметті Дулат Боранқұлұлы!



Сені 60 жасқа толған торқалы тойыңмен шын жүректен құттықтаймыз! Осы таңда адам өмір жолының асқар биігі – алпыстың шыңына шығып отырған кластасымызға жақсылыққа толы шуақты күндер, ордалы жанұяна амандық тілейміз.

Отбасыңнан ынтымақ, басыңнан бақ таймасын. Көңілің ғұмыр бойы көтеріңкі болып, өмір айдынында қайғы-мұңды білмей, еркін жүзе бер. Дос-жаран мен туған-туыс алдында абыройын әрдайым артып, аңсаған армандарыңның асуларына жете бер. Өзіне және отбасына зор денсаулық, ұзақ ғұмыр, ырыс пен ынтымақ, бақыт пен береке тілейміз.

Қайда жүрсен алдыңнан ақ күн тусын,
Ақ кемнің желкөнін шаттық бұрсын.
Өмір жасың қаншаға созылса да,
Алдыңнан күтіп тұрсын бақыт құсын.

Ақ тілекпен: Махат, Саят, Рымбек, Ғабит, Дулат, Маржан, Алтын, Қайрат, Бауыржан, Еламан.

Сенім телефоны

Ақтоғай ауданының кәсіпкерлік және өнеркәсіп бөлімінде мемлекеттік қызметкерлердің Әдеп Кодексін, мемлекеттік қызмет туралы заңнамаларды, сыбайлас жемқорлықпен күрес жұмысындағы талаптарды бұзу фактілері туралы хабарлама жасау үшін 2-16-34 нөмірлі сенім телефоны жұмыс жасайды.

Құрылтайшы: [ЕЛЕУСИЗОВА ГУЛНАР МЕТАЕВНА](#) Жауапты хатшы: Думан Қабыл

Редактор: [Г.ЕЛЕУСИЗОВА](#)

Меншік иесі: «Ақтоғай ажары» газеті редакциясы ЖШС

Тіркеу куәлігі: [№KZ94VPY00019192](#). (Қазақстан Республикасы ақпарат және даму Министрлігі 2020 жылы 10 қаңтарында берілген)

Газет аптасына 1 рет шығады

Газет редакцияның компьютер орталығында қатталып, Қарағанды қаласында «Арқо» баспаханасы ЖШС-де басылады. Сәтбаев көшесі, 15-үй

Мақала авторларының пікірі газеттің көзқарасын білдірмейді. Таралымы 820 дана

Мекен-жайымыз: 100200, Ақтоғай

ауылы, Абай көшесі, №1 а үйі.

Телефондар: редактор: 2-18-81,

тілшілер, компьютер орталығы: 2-15-39



Электрондық пошта aktogai_red@mail.ru

Газетке А4 форматты 3 беттен асқан материалдар қабылданбайды.